

Ел қуатты болмай,
бақ тұрақты
болмайды.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

МӘСЕЛЕ



«БАҚЫТ»
ТЕХНОЛОГИЯСЫ

8

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 27 қазандағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
989 921

II компонентпен
931 567

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

28.10.2021

Түнде:

+4, +6 °C
Бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты
жауын-шашынсыз

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

29.10.2021

Түнде:

+2, +4 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр

Күндіз:

+10+12 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №130 (6106) 28 қазан, бейсенбі, 2021 жыл.

Akimat LIVE

ЕҢ ТИІМДІ ШАРА – ЖАППАЙ ЕКІПЕ АЛУ

Ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы маңызды



Алматы қаласының әкімі Бақытжан САҒЫНТАЕВ «Алматы» телеарнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасында әдеттегідей тікелей эфирге шықты.

Шаһар басшысы алматылықтардың сауалдарына жауап бермес бұрын, әуелі мегаполистегі эпидемиологиялық ахуалға кеңі-

рек тоқталып өтті. Алматы коронавирустың таралуы жөніндегі эпидемиологиялық бағалау матрицасы бойынша жуырда «қызыл аймақтан» «сары аймаққа» өткен болатын. Қала әкімі бірақ бұл емін-еркін, бей-жай жүре береміз деген сөз еместігін айтты.

3

ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ОРТАҚ ИГІЛІК

Алматыда жол құрылысы мен қоғамдық кеңістікті дамытуға ерекше көңіл бөлінуде



Қалалық әкімдікте шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен апта сайын аппараттық кеңес өтеді. Онда негізінен, қаланың тыныс-тіршілігі мен кезек күттірмейтін әлеуметтік мәселелер қаралады. Кезекті басқосуда Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі «Жол картасының» аралық қорытындылары, халық санағының барысы, жолдар мен қоғамдық кеңістіктердің жағдайы айтылды.

2

ҚЫСҚА...

- Оңтүстік астанада банк өкілдері мен қаржыгерлердің халықаралық форумы ашылды.
- Мегаполисте екі көшені Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына қосу басталды.
- Елімізде жануарларға қатыгездік жасауға тосқауыл қоятын заң жобасы мақұлданды.
- 17 миллионнан аса қазақстандық санақ сауалдарына жауап берді.
- Биыл елде карантин шараларын бұзғандарға 2 млрд. теңгеден астам айыппұл салынды.

www.almaty-akshamy.kz



4



ӘКІМ

ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев онлайн-форматта жеке қабылдауға жазылған қалалықтардың сұрақтары мен ұсыныстарына жауап беріп, тұрғындар шаһар басшысына дербес жобаларын таныстырды.

ЖАҢА ЖОБАЛАР
ҰСЫНЫЛДЫ

Алматы жасанды интеллект зертханасының негізін қалаушы Досжан Жүсіпов Serebra инсультін автоматтандырылған диагностикалауға арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді ілгерілету туралы айтып берді. Жоба медициналық мекемелерде пилоттық режимде іске асырылуда, сондай-ақ венчурлік инвесторлардың қолдауына ие болды.

Зәкіржан Мәмет-Әлиевтің дербестендірілген және превентивті медицина орталығын құру туралы ұсынысы халыққа жоғары білікті оңалту қызмет-

терін ұсыну мақсатында зерделенетін болады.

Кәсіпкер Әсет Бегалиев жасыл желектерді қорғау және күту қызметтерін ұсынды. Бәсекелестік ортаны құру және осындай жұмыстардың сапасын арттыру мақсатында жобаларды іске асыру мүмкіндігі қаралатын болады.

Қала тұрғындарының бірқатар мәселелері жұмысқа орналастуға және медициналық көмек көрсетуге қатысты болды. Сонымен қатар, Алатау ауданы «Ұлжан» шағынауданы тұрғындарының өтініші бойынша «Бюджетке қатысу» жобасы аясында спорт залын салу жоспарлануда.

Шаһар басшысы, Nur Otan партиясы қалалық филиалының төрағасы онлайн-форматта қоғамдық қабылдауға жүтінген алматылықтардың сауалдарына жауап берді.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Қала тұрғындарының сауалдары коммуналдық шаруашылыққа, қоғамдық көлікке, абаттандыру және әлеуметтік қолдауға қатысты болды.

Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша «Ан-Ниса» қоғамдық бірлестігіне қолдау көрсетілетін болады. Басшы С.Башированың айтуынша, 4-12 жас аралығындағы 90-нан астам көрмейтін және нашар көретін балалар кешенді даму бағдарламасынан тегін өтеді. Жобаны жалғастыру үшін ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау

бойынша мемлекеттік тапсырыс көзделетін болады.

«Дом-Арай» ТК-ның төрағайы Г.Сарнацкаяның өтініші бойынша «Алатау» ықшамауданындағы көппәтерлі тұрғын үйді орталық жылуға қосу мәселесін шешу тапсырылды.

«Қарасу» және «Самғау» ықшамаудандары тұрғындарының жол төсемін қалпына келтіру және электр қуатын берудегі ірікілістерді жою мәселелері жөніндегі сауалдары бойынша шешім қабылдау үшін әкімдіктің жауапты қызметкерлері сол жерлерге барып, комиссиялық тексерулер жүргізетін болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ШАҒАНАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЖАҚСЫ ЖОЛ – ОРТАҚ ИГІЛІК

Алматыда жол құрылысы мен қоғамдық кеңістікті дамытуға ерекше көңіл бөлінуде

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалалық әкімдікте шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен апта сайын аппараттық кеңес өтеді. Онда негізінен, қаланың тыныс-тіршілігі мен кезек күттірмейтін әлеуметтік мәселелер қаралады. Бұл жолғы басқосуда Nur Otan партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі «Жол картасының» аралық қорытындылары, халық санағының барысы, жолдар мен қоғамдық кеңістіктердің жағдайы айтылды.

«Жол картасын» орындау аясында «Экономикалық өсу» бағыты бойынша 187 млрд. теңге сомасына 21 инвестициялық жоба іске асырылды. Жыл соңына дейін 186,7 млрд. теңгенің тағы 21 жобасын іске қосу жоспарланып отыр. І жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Алматының ЖӨӨ НКІ 105,5%-ды, ал көлемі – 5,8 трлн. теңгені құрады.

Жыл басынан бері 53,1 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл II тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейін 5,3%-дан 5,1%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. Орташа айлық жалақы 296 мың теңгені құрады. «Шетсіз қала» қағидатын іске асыру аясында 24 шағынауданда 36,5 мың үйді қамтитын 92 шақырым су құбыры және 77 шақырым кәріз желілері тартылды. Нәтижесінде қала тұрғындарының 98,4%-ы сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, жыл басынан бері 518 көшеге жарық берілді. Ал жыл соңына дейін қала көшелері толығымен жарықтандырылмақ. Бүгінде табиғи газ желілері 99,2%-ға дейін қолжетімді.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев партияның «Жол картасына» енгізілген жобалардың іске асырылу мерзіміне бақылауды күшейтуді тапсырды.

ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫС
ОРЫНДАЛУҒА ТИІС

Жиын барысында ерекше назар аударылатын жолдар мен қоғамдық кеңістіктердің жағдайы жеке қаралды. Бүгінде Алматыдағы жолдардың жалпы ұзындығы – 3097 шақырым. Оның



299 шақырымында жабыны жоқ. Қазіргі таңда жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы қалалық жолдардың үлесін 80%-дан 83%-ға дейін арттыру мақсатында жаңаларын жөндеу және салу жұмыстары жүргізілуде.

Жыл басынан бері жалпы ауданы 214 мың ш.м. жолда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, 31 шақырым тротуар, 65 аялдама алаңы жөндеуден өтті. Қысқы кезеңде шұңқырларды жөндеу үшін 5 арнайы техника – термос-бункерлер сатып алынды, 200 тонна арнайы қысқы асфальт дайындалды.

Сүлейменов көшесінен Үлкен Алматы өзеніне дейін, «Таусамалы» шағынауданындағы Қонаев көшесі Яссауи көшесінен Рысқұлов көшесіне дейін реконструкциялануда.

Алты шағынауданда («Шаңырақ-5», «Нұршашқан», «Самғау», «Әлмерек», «Қайрат», «Өжет») жолдарды салу мен күрделі жөндеу аяқталды. Тағы екеуінде («Құрамыс», «Думан») жұмысты қараша айында аяқтау жоспарланып отыр. Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жоспарланған жұмыс көлемі аяқталуға тиіс.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ
ОЙ-ПІКІРЛЕРІН ЕСКЕРУДІ
ТАПСЫРДЫ

Рекреациялық аймақтарды құру мақсатында жаңа қоғамдық кеңістіктерді жөндеу және оларды салу жүргізілуде. Қалада соңғы 2 жылда 84 нысан іске қосылды. Мәселен, ағымдағы жылы «Маяк» тоғайы, «Көкмайса» шағынауданындағы «Есентай» өзенінің жағалауы, «Тау қырат» шағынауданындағы учаске, «Жарбұлақ» және «Тіксай» өзендерінің арналарына абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Селден қорғау бөгетінен №1 тұндырғышқа дейін Үлкен Алматы өзенінің су қорғау белдеуі мен арнасын реконструкциялау жүргізілетін болады. 15 нысан бойынша жобалар әзірленуде. Соның ішінде Алатау ауданындағы «Өжет» шағынауданындағы тоған бойындағы және Боралдай өзенінің бойындағы жасыл аймақтар абаттандырылады. Одан бөлек, Медеу ауданының «Алатау» шағынауданындағы Ибрагимов көшесінің бойына сквер салу қарастырылған. Наурызбай ауданындағы «Қарғалы» өзенінің жағалауын, ҰАК солтүстігін және Алатау ауданындағы Жаңа Саин көшесін көгалдандыру жоспарлануда.

Аппараттық кеңесте Бақытжан Сағынтаев «Жаңа Алматының» қалаға қосылған шағынаудандарында жайлы қоғамдық кеңістік құрудың маңыздылығын атап өтті. Тұрғындар балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын құра отырып, саябақтар мен демалыс орындарын салу қажеттілігі туралы бірнеше рет өтініш білдірген. Сондықтан мегаполис әкімі жобаларды әзірлеу және іске асыру кезінде қала тұрғындарының пікірлері мен тілектерін ескеруді тапсырды.

Осы тұста жыл басынан бері 53,1 мың жаңа жұмыс орны құрылғанын айта кеткен жөн. Бұл II тоқсанның қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейін 5,3%-дан 5,1%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
200-ден
астам
көппәтерлі тұрғын үй
күрделі жөндеуден өтеді.



Мегаполисте жыл басынан бері
53,1 мың
жаңа жұмыс орны ашылды.



«Шетсіз қала» қағидаты аясында
77 шақырым
кәріз желісі тартылды.



Биыл шаһардағы
280
нысан мүмкіндігі
шектеулі жандарға
бейімделіп салынды.



Ағымдағы жылы
1000
зияткерлік бейнебақылау
камерасы орнатылды.

БАҒДАРЛАМА

Ифракұрылымдық
жобалар

Алматыда жыл соңына дейін ифракұрылымдық 102 жоба жүзеге асырылады. Ол жобалар «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында қарастырылған.

Бүгінгі таңда аталған бағдарлама бойынша шаһарда жалпы сомасы 14,3 млрд. теңгеге бағаланған 5 жоба іске асырылуда. 1 қазандағы жағдай бойынша соның 6,8 млрд. теңгесі игерілді, жергілікті қамту үлесі 95,5%-ды құрайды.

Сонымен қатар, 100 млн. теңгеден астам құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша жобалар шеңберінде 105,1 млрд. теңге сомасына 97 жоба іске асырылуда. 1 қазандағы жағдай бойынша 17,4 млрд. теңгесі игерілген. Жергілікті қамту үлесі – 91,7%.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Akimat LIVE

ЕҢ ТИІМДІ ШАРА – ЖАППАЙ ЕКПЕ АЛУ

Ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы маңызды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бақытжан Сағынтаев қала тұрғындарын антиваксерлерді емес, тек өзін тындап, жақындарын қорғау үшін вакцина алуға шақырды. Ұжымдық иммунитеттің өсуі үшін жаппай вакциналанудың басты рөл атқаратынын атап өтті.

Алматы қаласында КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуал 20 қазаннан бастап 300-ден кем жағдайды тіркей отырып, оптимистік болжам бойынша дамуда.

Пандемия басталғаннан бері Алматыда КВИ-дің 177,2 мың жағдайы тіркелді, ағымдағы жылдың басынан бері – 158,7 мың адам. Дерттің апталық көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда бір апта бұрынғы 113,9-дан 89,5-ке дейін және тәуліктік өсім 0,2-ден 0,14-ке дейін төмендеуде. Оның үстіне, инфекцияның берілу индексі 0,98-ден 0,88-ге дейін азаяды.

Алдын ала жүргізілген профилактикалық іс-шаралар КВИ дертінің төмендеуіне ықпал етті. Ең басты тиімді шара – жаппай вакциналану. Соның нәтижесінде ұжымдық иммунитеттің артуы байқалады. Бүгінгі күні ол ресми тіркелген халық санының 54,4%-ын құрайды. Халықтың ресми санының 46,5%-ы екі компонентпен вакциналанды, ал жыл басынан бері ауырып жазылған адамдардың 7,9%-ы екпе салдырған.

26 қазанда қалада коронавирустық инфекцияның 230 оқиғасы тіркелді, оның ішінде 222-і симптомды жағдай. Инфекциялық стационарларда 1056 адам (оның 28-і бала) емделіп жатыр, оның ішінде 52-сінің жағдайы өте ауыр, 501-і – ауыр, 502-сі орташа ауыр жағдайда. ОРИТ-те 106 пациент бар. ӨЖЖ аппаратында – 24, инвазивті емес ӨЖЖ аппаратында – 47, 27 High flow аппараты қолданыста.

Алдағы жылы Үлкен Алматы жағалауын реконструкциялау басталады

Мегполис әкімі тікелей эфирде қала тұрғындарының сұрақтарына жауап бере отырып, қоғамдық кеңестіктерді абаттандыру туралы айтты.

Селден қорғау бөгетінен әл-Фараби даңғылына дейін және одан әрі Абай даңғылына дейін Үлкен Алматы өзенінің су қорғау белдеуі мен арнасын реконструкциялауды таяу



жылдары жүргізу жоспарланғанын тілге тиек етті.

Биыл 25 қоғамдық аймақтар бойынша жұмыстар жүреді: Алмалы ауданында – 5, Әуезов ауданында – 4, Алатау ауданында – 3, Бостандық ауданында – 3, Жетісу ауданында – 5, Медеу ауданында – 1, Наурызбай ауданында – 3, Түркісіб ауданында – 1. Сондай-ақ, қалалық Жасыл экономика басқармасы 8 аймақта жұмыс жүргізеді.

– Жалпы, екі жыл ішінде 84 нысан абаттандырылды. Өткен жылы «Қарасу» шағынауданында жаңа рекреациялық аймақтың құрылысы жүргізілді. «Желтоқсан», «Дружба» саябақтары, «Жетісу-3» шағынауданындағы сквер, «Южный» саябағы абаттандырылды. Сондай-ақ, биыл «Маяк» тоғайы, «Көкмайса» шағынауданындағы «Есентай» өзені арнасының жағалауы, «Таулы қырат» шағынауданындағы учаске абаттандырылды. Ә.Қастеев мұражай аумағындағы фонтан күрделі жөнделді, Абай атындағы ҰАТОБ маңындағы сквер, «Тереңқұр» және «Жарбұлақ», «Тіксай» өзендерінің арналары абаттандырылды, – деді шаһар басшысы.

Енді Байсейітова көшесінің бойындағы жаяу жүргіншілер (Жамбыл көшесінен Сәтбаев көшесіне дейін) аймағын, Қазақ–Британ техникалық университетінің саябағын абаттандыру және көгалдандыру жоспарлануда.

9 шағынаудандағы 341 көше күрделі жөндеуден өтеді

Мегполис әкімі қала тұрғындарының сұрақтарына жауап бере отырып, жылдар бойына асфальт болмаған шағынаудандарда жолдарды салу мен жөндеудің ауқымы туралы да айтты берді.

Тікелей эфир кезінде «Құрамыс» ша-

ғынауданның тұрғыны ол тұратын көшедегі жолдың қашан жасалатынын сұрады. Б.Сағынтаев аталған шағынауданда бүгінгі таңда 27 көшенің 23-і асфальтталғанын хабарлады. Ұзындығы 4,9 шақырым болатын барлық көшені асфальттауды алдағы айда аяқтау жоспарланып отыр.

Биыл Алматыда 9 шағынаудандағы 341 көшеде 93 шақырым жол салынып, күрделі жөндеуден өтеді. Қазіргі уақытта 6 шағынауданда жол жөндеу жұмыстары аяқталған, олар: «Шаңырақ-5», «Нұршашқан», «Самғау», «Әлмерек», «Қайрат», «Өжет».

Ал «Алғабас» шағынауданында жоспар бойынша 6 шақырым жолдың орнына 6,8 шақырым жол асфальтталды. Екі шағынауданда – «Құрамыс» және «Думанда» жөндеу жұмыстарын қараша айында аяқтау жоспарлануда.

Қала әкімнің сөзіне сүйенсек, биыл ұзындығы 201,1 шақырым болатын 206 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы ұзындығы 219,1 шақырым болатын 324 көше қамтылды, қазіргі кезде ұзындығы 185,5 шақырым болатын 197 көшеде жұмыстар аяқталды, қалған 9 көше бойынша жұмыстарды қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

Сонымен қатар, жалпы ауданы 214 мың ш.м. жолдарда шұңқырларды жөндеу жүргізілді, 1247 люк тегістелді. Жұмыстарға 4 мердігерлік ұйым, 12 бригада, 96 жұмысшы, 28 арнайы техника жұмылдырылған. 31 шақырым тротуар, 65 аялдама алаңы жөнделді.

ТҮЙІН:

Тікелей эфир барысында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев түрлі өзекті сауалдарын қойып, қаланың тыныс-тіршілігіне араласып отыратын, түрлі келеңсіздіктерге бей-жай қарамайтын алматылықтарға ризашылығын білдірді. Тұрғындар сауалдарының ешқайсысы да жауапсыз қалмады.

Кейбір құзырлы орын басшыларының сырғытпа жауабына көңілі толмаған шаһар басшысы көтеріліп отырған мәселелерді бір-біріне сілтемей, нақты әрі жедел қолға алуды тапсырып, алматылықтардың әрбір талап-тілегі қатаң бақылауда болатынын жеткізді.

Тікелей эфирде қойылған сауалдардың жауабы «Алматы» телеарнасының сайтында жарияланатын болады.

Әзірлегендер
Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



COVID-19-ға жұмылдырылған емханалардағы төсек-орындар			
2021 жылы 27 қазандағы жағдай бойынша			
9340	ЖАЛПЫ САНЫ	730	РЕАНИМАЦИЯЛЫҚ
7006	РЕЗЕРВ	500	РЕЗЕРВ
2334	ТАРТЫЛҒАН ЕМХАНА	230	ТАРТЫЛҒАН
1384 (59,3%)	БОС	124 (53,9%)	БОС
950 (40,7%)	БОС ЕМЕС	106 (46,1%)	БОС ЕМЕС

ШТАБ ОТЫРЫСЫ

Мектеп психологтарының біліктілігі маңызды



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров кәмілетке толмағандармен жұмыс мәселелері жөніндегі жедел әрекет ету штабының отырысын онлайн форматта өткізді.

Балалардың психологиялық денсаулығын және қиын жағдайларды еңсеру бойынша өмірлік дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ кәмілетке толмағандар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша қабылданатын шаралар қаралды.

Алматы қаласының Білім басқармасы орта білім беру ұйымдарының базасында жұмыс істейтін психологиялық қызметтер жұмысының тиімділігін арттыру бойынша жұмыс

жүргізуде. 207 мектепте 365 психолог, 207 әлеуметтік педагог жұмыс істейді. 286 психолог кәмілетке толмағандармен қарым-қатынастың жаңа форматтарына оқытылды, осы бағыттағы жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, жасөспірімдердің психологиялық денсаулық туралы хабардарлығын ұлғайту бағдарламасы іске асырылуда, ата-аналармен кәмілетке толмағандарды тәрбиелеудегі ортақ жауапкершілікті арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Педагогтардың кешенді жұмысының және әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдаудың арқасында бала-ата-ана және отбасы-тұрмыстық жанжалдарды шешуде кәмілетке толмағандарға қолдау көрсету және көмек көрсету сапасы артып, қандай да бір түрде аутодеструктивті мінез-құлық нысандарымен қатар жүретін болады.

«Bilim Foundation» қоғамдық қорының атқарушы директоры Жанат Досжанова BFlime.org платформасындағы

психологиялық қолдау қызметі және 8 (800) 00 40 150 жедел телефонының тәулік бойы жұмыс істейтінін хабарлады.

Мамандардың көмегі тегін, құпия, онлайн және офлайн форматтарда ұсынылады. Қиын немесе тосын жағдайға тап болған балалар; қарым-қатынастағы қиындықтар немесе қорқыныш, алаңдаушылық, стресс; сондай-ақ көмек пен қолдауды қажет ететін балалар кеңесшілерге жүгіне алады (шын аты-жөні хабарланбайды, кез-келген адам жасырын түрде өзін таныстыра алады). Кеңесшілер психологиялық қолдау көрсетеді. Кәмілетке толмағандардың ата-аналары да кеңес ала алады.

Штабтың жұмысына прокуратура, ювеналды полиция, қаланың Қоғамдық денсаулық басқармасы, Психикалық денсаулық орталығы, аудандық білім беру бөлімдерінің өкілдері, бірқатар бейінді ҰЕҰ өкілдері қатысты.

Ержан Бабақұмаров қысқа мерзімде барлық мектеп психологтарының оқыту және біліктілігін арттыру кезеңін аяқтауды тапсырды және «тәуекел топтары» тұлғаларын ерте анықтау жұмысын ұйымдастыру, оларды қолдау және психологиялық оңалту бойынша алдын алу жұмыстары жүйесін құру бойынша міндет қойды.



АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҮР

17 миллионнан аса адам санақ сауалдарына жауап берді




Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстандықтардың 91,6%-ы немесе 1 742 8058 адам Жалпыұлттық халық санағына қатысты. Азаматтардың 40,4%-ы санақтан онлайн, 51,2%-ы офлайн өтті. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросының басшысы Нұрболат Айдапкелов мәлімдеді.

«Санақтан өткендер саны бойынша Алматы қаласы көш бастап тұр. Мұнда санаққа қатысқандар қатары бұған дейін тіркелген халық санына шаққанда 107,5% құраған. Яғни қолда бар мәлімет бойынша, Алматы тұрғындарының саны 2 005 496 деп көрсетілген. Ал санақ сауалдарына 2 154 907 адам жауап берген. Демек, Халық санағы қазірдің өзінде мегаполис халқының нақты санын көрсетуге көмектесетінін сеніммен айта аламыз», – деді Бюро басшысы.

Екінші орында Түркістан облы-



сы, онда халық санағына 98,6% немесе 2 032 333 адам қатысты. Үшінші орында Жамбыл облысы, мұндағы санақтан өткендер саны халықтың 98,6%-ын немесе 1 129 863 адамды қамтиды.

Бір айта кетерлігі, санаққа онлайн катысуда Шығыс Қазақстан облысының тұрғындары белсенділік танытты. Мұнда санақтың 57,7% жаңа форматта өтті. Екінші орында 52,9% көрсеткішпен Қызылорда облысы тұр. Көшбасшылар үштігін Жамбыл облысы түйіндейді, онда тұрғындардың 47,2%-ы халық санағына онлайн қатысты.

Дәстүрлі форматтағы санаққа қатысудың ең жоғары көрсеткіші Алматыда тіркелген. Тұрғындардың 76,1%-ы пәтерлерді аралау кезінде санақтан өткен. Екінші орында – 69,6% көрсеткішпен Шымкент, ал үшінші орында – Алматы облысы, онда тұрғындардың 60%-ы халық санағына қатысудың дәстүрлі форматын тандаған.

«Алматы облысы Кербұлақ ауданында сауалнама мәресіне жеткен. Халық санағы аясында мәліметтер жинау жұмысы Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында аяқталды. Ал Павлодар облысының 8 бірдей ауданы (Ақтоғай, Железин, Ертіс, Тереңкөл, Аққұлы, Май, Успен, Шарбақты) санақ аясында сауалнама жүргізу шараларын бітірді», – деді Нұрболат Айдапкелов.

2021 жылғы Ұлттық санақтың негізгі кезеңі Қазақстанда 1 қыркүйектен 30 қазанға дейін өтуде. Қарашаның 8-іне дейін санақ өткізу әдістемесіне сәйкес, нақтылау шаралары қарастырылған. Қазақстанда әркім маңызды!

РУХАНИЯТ

«Көшпенділер» трилогиясы – «Тәуелсіздік жаршысы»



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде «Көшпенділер» трилогиясының жарыққа шыққанына 50 жыл толуына орай «Көшпенділер» трилогиясы – «Тәуелсіздік жаршысы» атты көрме ашылды. Көрме Ілияс Есенберлин Қорымен бірлесе отырып ұйымдастырылды. Көрме аясында Нұрсұлтан Назарбаев Қоры, Нұрлан Смағұлов Қоры және «Монтажспецстрой» АҚ қолдауларымен жарық көрген, Ілияс Есенберлиннің 6 томдық толық шығармалар жинағының тұсаукесері өтті. Басылымға жазушының барлық шығармалары, оның ішінде «Көшпенділер» және «Алтын Орда» тарихи эпопеялары, сонымен қатар советтік кезеңде жарық көрмей қалған романдары да кірді.



Көрменің салтанатты ашылу рәсімінде ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры Нұрсан Әлімбаев, Қазақстанның халық жазушысы, ақын, әдебиеттанушы, лингвист-зерттеуші, түрколог, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Олжас Сүлейменов, Алматы қаласы әкімдігі мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Әлиев, «Astana Group» компаниясының негізін қалаушы Нұрлан Смағұлов, Атбасар қаласындағы Ілияс Есенберлин музейінің директоры Ұлбосын Даниярқызы Комбатурова, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры Зиябек Ермұханұлы Кабулдинов, І.Есенберлин атындағы №25 гимназияның тарих және қазақ тілі мұғалімдері Елена Захлебная мен Самал Нусупалиева қатысып, отбасының атынан немересі Мәди Есенберлин құттықтау сөз сөйледі.

«Ілияс ағамыздың ел Тәуелсіздігіне қосқан үлесі мол деп айтуға болады. Өйткені, өздеріңіз байқасаңыздар, бүгінгі күні Ілияс ағамыздың шығармашылығын негізге алған жастар өсіп келе жатыр. Оның шығармалары аясында кинолар да түсіріліп жатыр, спектакльдер де қойылып жатыр», – дейді ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов.

Жаңа жинаққа жазушының «Көшпенділер» және «Алтын Орда» тарихи эпопеялары және романдары кірді. «Ілияс Есенберлин – цензураға, сол заманның дерек базасының аздығына қарамастан қазақтың шын тарихын көркем әдебиетте жеткізе білген қазақтың біртуар азаматы», – деді ҚР Мемлекеттік орталық музейі директорының орынбасары Ғалия Теміртон. Көрмеге жинақтан бөлек, жазушы өмірінен сыр шертетін фотоматериалдар мен құжаттар, марапаттар мен қолжазбалар, белгілі тұлғалармен жазысқан хаттары қойылды.

ҰСЫНЫС

Фарида МЕРХАМИТҚЫЗЫ,
ҚР мәдениет саласының үздігі:



Көкірегінде сәулесі бар, елінің ертеңі үшін алаңдайтын қазақ қоғамындағы зиялы қауым үшін бүгінгі жаһандану жағдайында өмір сүріп отырған жаңа буын, жас ұрпаққа Ұлы дала жұртының рухын сақтауда ұлттық құндылықтарды, ұлттық дәстүрімізді, оның ішінде ұлттық киімімізді насихаттау аса маңызды.

Бүгінгі таңда әйелдер плащтың орнына қазақтың заманға сай велюр матадан тігілген әдемі сырт киімдерін, аналарымыз камзолдарын, жігіттеріміз тымақ, аталарымыз такия, бөрік шапандарды, ұза-

Этнодәстүр күні белгіленсе

тылатын қыздарымызға анасы ақ батасын бере отырып, сәукелесін кигізіп аттандыратын, келінді ұлттық киіммен беташар жасайтын, тіпті күйеу жігіт киімін киетін салтымыз да қалыптаса бастады. Мектеп формасына қазақтың ұлттық нышаны болған ою-өрнектерді енгізсек, этнофэшн, этнодәстүр күнін белгілеп, оны жылда сол мезгілде өткізетін болсақ, рухани жаңғыру аясындағы үлкен жаңару болар еді. Әрі-беріден соң бұл ұлттың ойлауы мен дүние танымын ұлттық негізде қалыптастыруда орасан зор маңызға ие.

Қазақ халқы – мазмұны бай, түрі сан алуан болып келетін ежелгі көшпенділер мәдениетінің занды мұрагері. Біздің ұлт – өзінің дәстүрлі мәдениетін ұмытпай, сабағын үзбей, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғап келе жатқан жетелі халық. Осы дәстүрімізден айнымай, ұлтын сүйетін және оған қызмет жасайтын жастарымызды тәрбиелеп, қазақ халқына құрметпен қарайтын қоғам қалыптастыруымыз керек.

КӨРМЕ

Шаңырақ жылуының символы



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы музейінде самаурындар көрмесі ашылды. «Самаурыныңыз сарқылмасын» деп айдар тағылған көрмеге 50-ге жуық экспонат қойылған.



Онда ағайынды атақты Баташевтардың, Н.Ворошилов пен М.Слюзбергтердің Тула қаласында жасалған самаурындарын тамашалауға болады. Коллекциядағы жәдігерлер – XIX-XX ғасыр бұйымдары. Жез, мыс, қола, бетіне

туыстық қарым-қатынастың дәнекері. Самаурындармен бірге ескі сервиздер, асүй заттары, атақты «Кузнецов» фарфор зауытының өнімдері мен музей қорынан алынған кескіндемелер мен фотосуреттер де қойылған.



«ЖАҢА АЛМАТЫ» ЖАҢАРА БЕРМЕК

**Бақытжан
САҒЫНТАЕВ:**

«Жаңа Алматы» кешенді даму жоспары алматылықтардың тең жағдайларда сапалы өмір сүруіне бағытталған».



Кешенді даму жоспары (КДЖ) 2020–2024 жылдарға арналған және оған жыл сайын шамамен 200 млрд. теңге көлемінде жобалық қаржыландыру қарастырылған. Жобаны қаржыландырудың жалпы сомасы 943,7 млрд. теңгені құрайды.

Бүгінде КДЖ аясында қала шетінде көлік, бизнес және әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту бойынша 286 жоба жүзеге асырылуда.

Бағдарламаның өзі қаланы көпорталықты үлгі бойынша дамытуға бағытталған. Мақсаты – азаматтардың қауіпсіз, қолайлы, жайлы қалалық ортада өмір сүруін қамтамасыз ету, жаңа қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру.

Жоспарда 10 жыл ішінде Алматыға кейіннен қосылған елді мекендер есебінен қала аумағы 2 есеге ұлғаятыны атап өтілген. Бұл ретте жаңа аудандарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажеттілігі арта түседі. Яғни ең өткір инфрақұрылымдық проблемалар ретінде инженерлік желілердің тозуы, бірқатар шағынаудандарда орталық сумен жабдықтау және су бұрудың болмауы, қосылған аумақтардағы көшелерді жарықтандыру, жолдардың жағдайы, мектептер мен балабақшалардың жетіспеушілігін атауға болады.

Егер халықтың ағымдағы өсу қарқыны сақталатын болса, 2030 жылға қарай алматылықтардың саны 3 млн. адамға жетуі мүмкін. Негізгі қоныстану қаланың шеткі аудандарында болады деп күтілуде. Осыған байланысты ең басты мәселе – мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуында орталық пен шет аудандар арасында айырмашылықтың болмауына қол жеткізу.

«Жаңа Алматы» бағдарламасы аясында көшелерді жөндеу, жарықтандыру, балабақшалар мен мектептердің, қосымша нысандардың құрылысын жүргізу жұмыстары қарқынды түрде жүргізіліп жатыр.



● Биыл жыл басынан бері Алматыда 40,5 шақырым сумен жабдықтау және 12,5 шақырым кәріз желілерін тарту жұмыстары жүргізілді. 75 мыңнан астам тұрғындар тұратын 17 шағынауданда коммуникациялар құрылысы жүріп жатыр. Өткен жылы 160 шақырым су құбыры және 140 шақырым кәріз желілерінің құрылысы салынып аяқталған болатын.

● Наурызбай ауданында «Қарғалы» су қабылдау және сүзу станциясының құрылысы жүріп жатыр. Ақсай өзенінде осыған ұқсас нысанды жобалау аяқталуға жақын. Осы стратегиялық нысандар пайдалануға берілгенде 130 мыңнан астам тұрғын таза ауызсумен тұрақты қамтамасыз етіледі.

Күтілетін нәтиже:

■ Жоспарды іске асыру нәтижесінде ЖӨӨ үлесі 2024 жылы 104,9%-ды, ШОБ үлесі – 45%-ды құрайды. Сондай-ақ, 25,7 мың тұрақты және 22,0 мың уақытша жұмыс орны құрылады.


■ 99% ауызсумен қамтамасыз етуге, 100% газдандыруға, қала шетіндегі көшелерді 100% жарықтандыруға қол жеткізіледі.

■ Жолдардың сапасын 95%-ға дейін жақсарту және негізгі магистральдарды түсіру үшін 350 шақырым жол, 4 жолаушы, 6 ұңғылау жұмыстары, 28 бағдаршам нысаны, 55 электр жабдығы бар жаяу жүргіншілер өткелі және 8 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынады.

■ Бес жыл ішінде 3 саябақ, 5 жаяу жүргіншілер аймағы абаттандырылып, 194 гектардан астам жер көгалдандырылады.

Дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

«Шетсіз қала» – негізгі басымдық



● Алматының 49 көшесінде орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді, 41 көшеде жұмыс жалғасуда. Биыл ұзындығы 227,5 шақырым болатын 225 көшені жөндеу жоспарланған. Оның ішінде 18 көше магистральды көшелерге жатады, олар – Рысқұлов даңғылы, Сәтбаев көшесі, Солтүстік айналма, Сүйінбай даңғылы, Құрманғазы көшесі және т.б.

● Қалада жалпы ұзындығы 108 шақырым болатын 415 көше асфальтталады. «Жаңа Алматының» сегіз шағынауданында – «Құрамыс», «Самғау», «Шаңырақ-5», «Өжет», «Нұршашқан», «Қайрат», «Әлмерек», «Алғабаста» жаңа жолдар салынуда. Абай даңғылын, Нұрлы және Саин көшелерін тесу, үш жолаушы салу жұмыстары жалғасуда.



● Жайлы орта қалыптастыру мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қаланы жарықтандыру жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Мегаполистің барлық көшесіне сыртқы жарық орнату міндеті қойылды.

Жыл басынан бері 508 көшедегі жұмыс аяқталды. Қалған 601 көшені жарықтандыру жоспарланған. Нәтижесінде қаланың барлық көшесі жарықтандырылады.





БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

Алматыда кәсіпкерлерге мемлекеттен қажетті қолдау алуға көмектесетін құралдар табысты жұмыс істеуде. Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары Қалибек Ақылбеков «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының жұмысы туралы айтып берді.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ

Алматыда кәсіпкерлікті қаржылық қолдау жыл сайын арта түсуде



Серік
ЖУМАБАЕВ

Спикер Алматы кәсіпкерлеріне қаржылай көмек көрсету көлемі жыл сайын өсіп келе жатқанын, ал ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы одан әрі дамитынын атап өтті.

«Біздің қаламызда бизнес бастауға мүмкіндік мол. Оқыту, кеңес беру, инфрақұрылымдық, қаржылық секілді барлық бағытта қолдау көрсетіледі. Жыл сайын «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының бюджеті өсіп, үш жылда 31 млрд. теңгені құрады. Биыл бюджет 17,7 млрд. теңгені құрайды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 2,2 есе көп», – деді Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысының орынбасары.

Бөлінген қаражаттың 690 миллионы қайтарымсыз гранттарға, қалғандары субсидиялауға және ішінара кепілдендіруге бағытталды. Спикер бүгінгі таңда 154 млрд. теңге несие сомасына 2332 жоба мақұлданғанын қосты. Бағдарламаның арқасында 1600-ден астам жұмыс орны ашылды.

Бұл ретте жобалардың ең көп саны сауда салаларында – 17%, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсетуде – 15%, өнеркәсіпте –

13% қаржылық қолдау алды. Бұдан басқа, жобалардың 60%-ы негізгі құралдарды, үй-жайларды, жабдықтарды сатып алуға қаржыландырылады. Сауда саласында несиелер айналым қаражатына алынады.

Қ.Ақылбеков қараша айында республикалық бюджеттен «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы бойынша 1 млрд. теңге көлемінде қосымша қаржы бөлу жоспарланғанын айтты. Осылайша мемлекет бизнеске қолдау көрсетуді жалғастырады, бұл пандемия кезінде өте маңызды.

Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы басшысы орынбасарының айтуынша, қолданыстағы түрлі бағдарламалардың арқасында Алматы кәсіпкерлері экономикалық белсенділікті жалғастыруда жұмыссыздыққа жол берілмейді.

«Біздің қаламызда дағдарысқа қарсы түрлі шаралар жүзеге асырылуда, олардың бірі – шағын және орта бизнес субъектілеріне мемлекеттік гранттар ұсыну. Егер 2018–2019 жылдары жыл сайынғы бюджет 145 млн. теңгені құраса, орта есеппен 80 жоба қаржыландырылса, 2020 жылы пандемия кезінде қаржыландыру сомасы 5 млн. теңгеге дейін өсті», – деді Қ.Ақылбеков.

Спикердің айтуынша, өткен жылы жергілікті бюджеттен 705 млн. теңге бөлінген. 2021 жылы

бұл үрдіс сақталды және бюджет 700 млн. теңгені құрады.

«Көктемде бірінші кезеңде 421 жоба қаралып, 513 млн. теңгеге 162 жоба қолдау тапты, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал топтары санаты бойынша – 106 жоба. Негізінен, өнеркәсіп саласындағы жобалар қаржыландырылды, олар шамамен 69%-ды құрайды. Қазіргі уақытта гранттарды конкурстық іріктеудің екінші кезеңі жүріп жатыр. Қазірдің өзінде 1300 өтінім келіп түсті», – деп жалғастырды сөзін Қ.Ақылбеков.

Ведомство басшысының орынбасары Алматылық кәсіпкерлер экономикалық өсім қарқынын жеделдетуге ықпал етіп, жұмыс орындарын ашатынын атап өтті.

«2020 жылы қаржыландырылған жобалар мониторингінің нәтижелері бойынша қазіргі уақытта жобалардың шамамен 30%-ы іске қосылды, 105 жұмыс орны құрылды», – деп атап өтті спикер.

Сөзінің соңында Қ.Ақылбеков Алматының ШОБ қала экономикасының негізін құрайтынын, сондықтан оған Qolday кәсіпкерлік орталығында әрдайым көмектесуге дайын екенін атап өтті. Мұнда барлық тілек білдірушілер мемлекеттік қолдау құралдары бойынша, оның ішінде «Бизнестің жол картасы» аясында тегін кеңестер ала алады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Жан-жақты көмек

Қаланың әлеуметтік инфрақұрылымының 280 нысаны ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімделген.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Nur Otan партиясының Жол картасын орындау бойынша ағымдағы жылдың тоғыз айына сәйкес Әлеуметтік әл-ауқат басқармасы жұмысының қорытындылары қаралды. Қоғамдық кеңестің отырысында мегаполистің әлеуметтік дамуының өзекті мәселелері – жұмыспен қамту және халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау тыңдалды.

осал азаматтардың жаңа дағдылар мен мамандықтарға тегін оқытылуы туралы ақпараттар айтылды. – Ағымдағы жылы 51 217 жұмыс орнын құру жоспарланған, оның ішінде 35 418 тұрақты жұмыс орны, 15 799 – уақытша жұмыс орны бар. 9 айдың қорытындысы бойынша 52 383 жұмыс орны құрылды, оның ішінде тұрақты – 34 765, уақытша – 17 618, – деді Н.Тоғызбаева.

Ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі бойынша болжамды 5,1% деңгейінде ұстау жолға қойылған. Қала тұрғындарының санынан жұмыс күшінің үлесі 68,5% құрайды. Жұмыспен қамтылған халық саны – 981,4 мың адамды құрайды. Болашақта еңбек нарығындағы жағдай пандемияның



Отырыс барысында қаланың әлеуметтік әл-ауқат басқармасының басшысы Н.Тоғызбаева ерекше қажеттіліктері бар адамдардың жайлы жүріп-тұруы үшін ғимараттардың қолжетімділігін қамтамасыз ету ағымдағы жылы 392 нысанда жоспарланғанын атап өтті. Ағымдағы жылды қоса алғанда, 2013 жылдан бастап барлығы 3555 нысан бейімделді. Бейімделген объектілер бойынша мәліметтер inva.gov.kz порталына енгізілген.

Сондай-ақ, жиында 26 мыңға жуық жұмыс орнын құра отырып, 228 жобаның іске асырылуы, жұмыссыздық деңгейінің 5,1% шегінде сақталуы және әлеуметтік

деңгейіне және шектеу шараларын белгілеуге байланысты болады.


2021 жылға қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 1000 адамға 191,8 млн. теңге бөлінді. Жалпы жоспар асыра орындалды, нәтижесінде 1031 адам оқудан өтті.

Ағымдағы жылдың тамыз айында Еңбек министрлігі электрондық еңбек биржасының порталындағы «онлайн оқыту» қосымша бетінде (<https://skills.enbek.kz>) тегін қысқа мерзімді курстарға оқыту бойынша функционал қосылған (ЭЦҚ арқылы тіркеу). Бүгінгі күні аталған курстарда 494 адам оқытылды. Дағдылар мен мамандықтарға оқытудан барлығы 1525 адам өтті.

АЙНАЛМА ЖОЛ

Көшелер ұзарады

Қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, Алматыда тағы екі көшені Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейін қосу жұмыстары басталды.



УААЖ және оған Алматы көшелерін тесу жоспары. ИДМ Автомобиль жолдары комитетінің фотосуреті.



Тілендиев көшесі мен Солтүстік жарты айналма жолды солтүстік бағытта УААЖ-ға дейін ұзартады. Ведомствоның мәліметінше, қазір Алматыны дамытудың Бас жоспарына түзету енгізіліп жатыр.

«Сондықтан аталған жолдарды тесу бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу мерзімі 2022 жылға жоспарланып отыр. Тілендиев көшесін тоғыз шақырымға, ал солтүстік жарты шеңберді 1,2 шақырымға ұзарту жоспарда бар. Сондай-ақ, көлік жолағын салу ұсынылады», – деп хабарлады ведомство өкілдері.

Сонымен бірге, шенеуніктер УААЖ-ға алты радиалды жолды жөндеп салғысы келетіндерін айтты. Бұл Алматыдан және Алматы облысынан Үлкен Алматы айналма автомобиль жолына дейін шығатын жол болады.

«2013 жылы Рысқұлов даңғылындағы Саин көшесінен Оңғарсынова көшесіне дейінгі жұмыстар аяқталды. Сондай-ақ, сол жылы біз Саин көшесінің құрылысын

Мөңке би көшесінен қала шекарасына дейін аяқтадық. Сонымен қатар, Ақын Сара көшесінің Абай көшесінен қала шекарасына дейінгі жолының құрылысы аяқталды.

Қазіргі уақытта Абай даңғылы Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейін созылып жатыр. Сонымен қатар, Саин көшесі Рысқұлов даңғылынан Мөңке би көшесіне дейін созылып жатыр. Сондай-ақ, Рысқұлов даңғылының Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейінгі аралығы жобалану үстінде», – деп толықтырды басқармада.

Бұған дейін Алматыда Жұбанов көшесін қала шекарасына дейін тесуге кіріскені хабарланған болатын. Жергілікті билік әзірге жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу үстінде. Тек осы жұмыстар үшін мемлекеттік бюджеттен 144 миллион теңге бөлінді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖЕДЕЛ ШТАБ

Карантиндік шектеулер жалғасуда

Алматыда қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен КВИ таралуының алдын алу жөніндегі жедел штабтың кезекті отырысы өтті. Жиында санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру және қала тұрғындарын вакциналау қарқыны жөніндегі шаралар қаралды.



Айнұр НҮРСАБЕТ

Инфекцияның таралу қарқыны бойынша қаланың «қызыл аймақтан» «сарыға» өтуіне қарамастан, шектеулер бір апта бойы сақталады. Мегаполисте әуежайларда, ТЖ және автовокзалдарда, сондай-ақ оқу орындарында профилактикалық шараларды күшейту жалғасуда. Көршілес Ресейдегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына байланысты алматылықтар санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтауды жалғастырып, індетке тосқауыл қою үшін вакциналану қарқынын күшейтуге тиіс.

Ресей мен Еуропа елдерінен келгендер дерттің қайта өршуіне жол бермеу үшін бақылауға алынады. Қазір мобильді бригадалар әуежайда, теміржол вокзалдарында және автовокзалдарда кезекшілік етеді. Әуежайдың халықаралық ұшып келу залдарында дене қызуы көтерілген жолаушыларды анықтау үшін 7 стационарлық байланыссыз тепловизор орнатылған, келгендерге сауалнама жүргізіледі. Тағы бір тепловизор ішкі рейстер залында орналасқан. Алматы әуежайы Ashyq жобасына қатысушы, мұнда осы жылдың 21 мамырынан бастап «қызыл» мәртебесі бар 257 және «сары» мәртебесі бар 54 адам анықталды.

Шаһар басшысы Б.Сағынтаев вирусты жұқтыру динамикасының төмендеуіне қарамастан, санитарлық дәрігерлер мен эпидемиологтердің шектеу шараларын сақтау жөніндегі ұсыныстарына жіті назар аудару керектігін айтты.

Бүгінде Алматыда күн сайын 231-ден 300-ге дейін жұқтыру оқиғасы тіркеледі. Дегенмен, дерттің асқинуы, вирус жұқтырғандардың саны өсуі мүмкін. Өйткені, вирус үнемі өзгеріп отырады.

СЭБД мәліметтері бойынша, қала тұрғындары көбінесе сауда нысандарында коронавирус жұқтырады – 34%, қоғамдық көлікте –



24%, отбасылармен байланыста – 18% және базарларда – 9%. Шектеу шаралары елдің бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысына сәйкес 7 күн бойы жалғасады. Карантиннің бәсеңдеуі немесе күшейтілуі қаладағы эпидемиологиялық ахуалдың дамуына байланысты болмақ.

Әзірге мониторингтік топтар карантиндік тәртіпті бұзушыларды анықтау жұмыстарын жалғастырады. Өткен аптада Алматыда күндізгі және түнгі тексерулер барысында карантиндік шектеулерді бұзған 12 кәсіпкерлік нысаны анықталды, 6 заңды және 77 жеке тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 47 қоғамдық көлікті

тексеру барысында бетперде режимін бұзғаны үшін 6 адам жауапкершілікке тартылды. Мектепке дейінгі мекемелерді тексеру жалғасуда, мобильді топтар 189 мемлекеттік балабақша мен 38 мектепке дейінгі ұйымды аралады. Мәселен, №154 балабақшада қызметкерлер арасында бетперде режимін бұзу анықталды, қашықтық сақталмаған. №25, 48 балабақшаларда макировкалар жасалмаған. №59 және 148 балабақшаларда бөлмелерді ылғалдандыру мен дезинфекциялаудың талаптары бұзылған. Тексеру кезінде 7 ЖОО-да санитарлық нормалардың бұзылғаны анықталды, санитаризерлер жетіспеді, рециркуляторлар болмаған. Кейбір жатақханаларда оқшауланған студенттер бөлмелері жоқ. Жекелеген ЖОО-ларда оқушылардың Ashyq жобасы бойынша ішке кіруі бақылауға алынбаған. Карантиндік шектеулерді бұзушылар тізімінде – Логистика және көлік академиясы, Қазақ инженерлік-технологиялық университеті, Санкт-Петербург Гуманитарлық кәсіп-одақтар университеті, Қазақстан–Британ техникалық университеті, Қазақ спорт және туризм академиясы, UIB Халықаралық бизнес университеті және Каспий университеті бар.

Алматыдағы студенттердің жалпы санының 57%-ы вакциналанған. ЖОО оқытушыларының арасында вакциналанғандар – 90%. Эпидемиологтер жастар мен орта жастағы адамдар инфекцияның негізгі тасымалдаушылары екенін айтады. Олардың айтуынша, 20–39 жас аралығындағы қалалықтардың 31%-дан астамы вирусты жиі жұқтырады, ал соңғы екі аптада осы жас тобындағылардың ауруды жұқтыруы шамамен 4%-ға өскен.

Жедел штаб алматылықтарды КВИ-ға қарсы вакцинадан белсенді өтуге тағы да шақырды, өйткені ұжымдық иммунитеттің қалыптасуы шектеулерді кезең-кезеңімен алып тастауға және қалыпты өмір салтына оралуға мүмкіндік береді.

ЕКПЕ

Жаңа вакцина

Қазақстандық ғалымдар коронавирусқа қарсы «КазКоВак-Пи» вакцинасын шығарды. «Дельта» штамының негізінде жасалған екпе көпшілікке келер жылдың наурыз айында таныстырылмақ.



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Бұған дейін Денсаулық сақтау министрі А.Цой келесі жылдан бастап шетелдік екпелердің ақылы болатынын хабарлаған еді. Ал «КазКоВак-Пи» вакцинасы еліміздің азаматтарына тегін салына-бақ. Бүгінде бұл екпенің тиімділігін зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Вакцинолог мамандардың айтуынша, екпе бірінші кезеңнен сәтті өткен. «Дельта» штамының негізінде жасалған вакцина ағзаға қауіпсіз. Себебі, сынаққа ерікті түрде қатысқандарда екпенің ешқандай кері әсері байқалмаған. Сондай-ақ, ғалымдар вакцина COVID-19 вирусының өзге мутацияларына жақсы әсер етеді деп отыр. «КазКоВак-Пи» деген атаудағы «Пи» деген сөз – протеин немесе ақуыз. COVID-19 вирусының сыртқы қабатында белогы



болады. Сол белок арқылы вакцина жасалынады. Қазіргі жағдайда ол вакцинаның адамға деген қауіпсіздігі өте жоғары деңгейде екені анықталды. Вакцинаның алғашқы сынағына 44 адам қатысты. Сынақтың екінші кезеңінде вакцинаның иммуногендік қасиеті сыналмақ», – деді ҚР БҒМ Ғылым комитетінің биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтының зертхана меңгерушісі Лесбек Күтімбетов.

ЭПИДАХУАЛ

Індет «жасарып» барады

Жыл басынан бері Алматыда 14 жасқа дейінгі 3 мыңнан астам бала коронавирус жұқтырған.



Алматы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметіне сүйенсек, мегаполисте балалар арасында коронавирус

инфекциясы өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай артқан.

«Биылғы 9 айда 14 жасқа дейінгі 3438 баладан коронавирус инфекциясы анықталды. 2020 жылдың осы кезеңінде Алматыда 363 бала ауырған болатын. Балалар арасында ковид жұқтыру едәуір артты», – деп хабарлады басқарма өкілдері.

Бұған дейін Алматыда 1 қыркүйектен бері 2960 мектеп оқушысы коронавирус жұқтырғаны туралы жазған болатынбыз. Соның ішінде, қалалық әкімдік таратқан мәліметке сүйенсек, дәстүрлі білім алып жүрген жеткіншектер арасынан 1737 жағдай анықталды. Ал онлайн оқып жүрген балалардың арасынан 1223 оқушы тіркелген.

Тақырыпқа орай айта кетейік, егер сыныпта бір бала ауырса, оқушылар екі апта үй карантинінде болады.

Нұр ЖАМАЛ.

QAZVAC

Мемлекеттік сыйлыққа үміткер

Білім және ғылым министрлігі ғылым мен техника саласындағы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлықты Roseofungin-AS препаратын әзірлеушілер мен Биологиялық қауіпсіздік ҒЗИ қызметкерлеріне, яғни QazVac вакцинасын әзірлеушілерге беруді ұсынды. Жарлық жобасы «Ашық НҚА» сайтында жарияланды.

«Әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласындағы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы мемлекеттік сыйлығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін» делінген құжатта.

Министрліктің мәлімдеуінше, 2021 жылға арналған «Мемлекеттік сыйлықтар мен стипендиялар» бюджеттік бағдарламасы бойынша әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы ҚР Мемлекеттік сыйлығының сомасы 37 200 000 теңгені құрайды. Екі ұжым 18 600 000 теңгеден сыйақы алады.

«Қазақстан Республикасының



биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету: озық ғылыми технологиялар және өндіріс» тақырыбындағы жұмысы үшін Мемлекеттік сыйлыққа ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Биологиялық қауіпсіздік про-

блемаларының ғылыми-зерттеу институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының қызметкерлері, ғалым-профессорлар: Күнсұлу Закария, Ерғали Абдурайымов, Мархабат Қасенов, Леспек Құтымбетов, Мұхит Орынбаев, Күлейсан Сұлтанқұлова, Берік Хайруллин ұсынылады.

Сондай-ақ, «Розеофунгин-АС» жаңа отандық бірегей дәрілік препаратын әзірлеу және өндіруді ұйымдастыру» тақырыбындағы жұмысы үшін мемлекеттік сыйлыққа Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметкерлері: Аманкелді Саданов, Асе Балғымбаева, Владимир Березин, Илияс Құлмағамбетов, Людмила Треножникова, Гүлнар Ұлтанбекова ұсынылады. Жарлық жобасы 5 қарашаға дейін жария талқылау үшін орналастырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

COVID-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Қолдан жасалған вирус бар ма?

Көпшілік арасында Telegram мессенджері арқылы COVID-19-ға қарсы вакцинаны микроскоппен қарап жатқан бір топ адамның видеосы таралуда. Stopfake.kz бұл ақпараттың рас-өтірігін зерттеген. Видеода «стафилококк, гемолитикалық стрептококк, Кох таяқшасы сияқты бірқатар қауіпті бактериямен қоса «қолдан жасалған» белгісіз вирус та табылған» делінген.

Біріншіден, видео дереккөзі қайдан алынғаны белгісіз. Екіншіден, роликтің авторлары туралы мәлімет жоқ. Бейнежазбадағы шыны құтыда нақты не бары екені де беймәлім. Өйткені, вакцина үлгісін алу және оны құрылғыға салу процесі түсірілмеген. Жазбада –80°С температурада сақталуы тиіс Pfizer/BioNTech вакцинасы бар бөтелке көрсетілген. Яғни препараттың дұрыс сақталған-сақталмағаны да белгісіз. Әрі бұл вакцинаны жеке пайдалану үшін сатып алу мүмкін емес. Өйткені, көптеген мемлекетте препарат емделушілердің қолына берілмейді. Сондықтан видео авторларының әрекеті күмән үстіне күмән жүктейді. Препараттың құрамынан бактериялардың «анықталғанына» да сену қиын. Себебі, микроскоппен бактерияларды байқау әлдеқайда

қиын. Бұл үшін дефлекторы жақсы, қуатты және қымбат микроскоп қажет. Мамандардың айтуынша, бактерияларды анықтауға метилен көк сияқты арнайы бояғыш ерітінділер көмектеседі. Демек, жай әуеской микроскоппен қарап, «вирус табылды» деу қате пікір. Тіпті, ол бактерияның пішіні атауына да сәйкес келмейді. Өйткені, Pfizer/BioNTech шығарған вакцинаның құрамы құпия емес, көпшілікке мәлім. Сондай-ақ, бейнежазбада бактерияларды анықтау және сәйкестендіру үшін микроскопияда қандай әдістер қолданылғаны белгісіз. Әрі нақты не талданғаны және авторлардың талдау жасау үшін жеткілікті білімі мен дағдылары бар-жоғы туралы нақты мәлімет те жоқ.

Әзірлеген Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.



«АҢСАҒАН СӘБИ»

«БАҚЫТ» технологиясы

Динара
МУРАТ

Бала – әр отбасының тілегі мен бақыты. Өкінішке қарай, біреудің бағы жанса, екіншісінің басына сол бақ құсы қонбай жатады. Бедеулік тек біздің елде емес, әлемнің әлеуметтік қасіретіне айналып отыр. Дегенмен, медицинаның алға ілгерілеуі, технологиялардың дамуы бүгінгі «бақыт» құралын жасауға мүмкіндік берді.

Қазақстандық Репродуктивті медицина қауымдастығының мәліметтеріне сенсек, 2021 жылдың қазан айының басында президенттік «Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында өткізілген сәтті ЭКО бағдарламасынан кейін біздің елімізде 25 мыңыншы бала дүниеге келді. Осы маңызды сәтке орай, алматылық жасанды ұрықтан-дыру клиникасы журналистерді көптен күткен баласын бауырына басқан аналармен кездесуге баспасөз конференциясына шақырды.

«Есімім Айзада. Жасым 30-да. Өмірлік жолдасымды тапқаннан кейін 21 жасымда бала сүйдім. Баламыз бір жасқа толғаннан кейін отбасымыздың керегесін кеңейтуді ойластырдық. Қанша талпынсақ та ойымыз жүзеге аспады. Басында мән бермедік. Кейін жатырдан тыс жүктілік болды. Бір жыл бойы ем қабылдап, дайындалғанымызбен оқиға қайталана берді. Сол кездегі көңіл күйімді айтып жеткізу мүмкін емес, өкініштен өзегім өртенді. Бір емес, бірнеше жылғы талпынысым еш кеткендіктен, депрессияға да түстім. Сонда ойға келетін бір-ақ сауал: неге мен? Сәбилерін суықта тастап кететіндерге бала бергенде, сұраған маған неге бермейді? Құдайға шүкір, жолдасым барынша қолдау көрсетті. Бала таба алмағандықтан, мен онымен тіпті ажырасамын деп ойладымын...».

Бұл – Нұрбаева Айзаданың өмір жолының бір тармағы. Жұбайымен кеңесе отырып, жасанды ұрықтандыру жасатуға бел буады. 2018 жылы барлық құжаттар мен талдау нәтижелерін жинақтап, квотаға өтініш білдіреді. Екі жыл өткеннен кейін



2010 жылдан бастап республикалық бюджет қаражаты есебінен КРТ әдістерімен бедеулікпен ауыратын пациенттерді емдеудің мемлекеттік бағдарламасын енгізу – қазақстандық денсаулық сақтаудың маңызды қадамы. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын осы санаттағы ерлі-зайыптыларға ЭКО бағдарламаларын жүргізу үшін қаражат бөледі. 2010 жылдан бастап ТМҚКК шеңберінде 9050-ге жуық КРТ бағдарламасы қаржыландырылды, нәтижесінде 2900-ден астам бала дүниеге келді.

оң жауап алып, бағын сынады. Қазір ол Томирис пен Тамерлан есімді екі егіздің бақытты анасы.

Мұндай тағдыр бір кейіпкеріміздің басында ғана емес, мыңдаған адамның мандайына жазылған қасірет. Жалпы бедеулік бүкіл әлемнің маңызды медициналық-әлеуметтік проблемасы болып қала береді, оны шешу елдегі демографиялық жағдайды жақсартуға, әртүрлі себептерге байланысты балалы болу мүмкіндігінен айырылған пациенттердің өмір сүру сапа-

сын арттыруға да ықпал етеді. Бедеулік деңгейі орта есеппен 15%-ды құрайды. Заманауи диагностикалық әдістердің дамуы бедеуліктің негізгі себептерін дәл анықтауға және оны емдеу әдістерін анықтауға мүмкіндік беруде. Бедеулік 40% жағдайда ерлердің ұрпақты болу жүйесінің патологиясына байланысты. Ал 30% жағдайда аралас бедеулік (ерлер мен әйелдер) орын алады.

Соңғы онжылдықтарда әлемде бедеуліктің әртүрлі формаларын емдеудің

үлкен тәжірибесі жинақталды. Қазіргі әдістердің көпшілігі Қазақстанда сәтті енгізілді. Заманауи деңгейде эндобейнехирургия, диагностика мен емдеудің гормондық әдістері дамуда, қауіпсіздік пен тиімділік профилі жоғары жаңа дәрілік препараттар тіркелуде. Андрология, медициналық генетика, эмбриология және молекулалық биология қарқынды дамып келеді. Осының барлығы қазіргі заманғы денсаулық сақтау практикасына қосалқы репродуктивтік технологияларды (КРТ) белсенді енгізуге алып келді.

2010 жылдан бастап республикалық бюджет қаражаты есебінен КРТ әдістерімен бедеулікпен ауыратын пациенттерді емдеудің мемлекеттік бағдарламасын енгізу – қазақстандық денсаулық сақтаудың маңызды қадамы. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі жыл сайын осы санаттағы ерлі-зайыптыларға ЭКО бағдарламаларын жүргізу үшін қаражат бөледі. 2010 жылдан бастап ТМҚКК шеңберінде 9050-ге жуық КРТ бағдарламасы қаржыландырылды, нәтижесінде 2900-ден астам бала дүниеге келді.

«Президенттің 2020 жылғы 1 қыркүйекте жарияланған Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің демографиялық даму мәселелеріне ерекше назар аударылды. Тоқаевтың квоталар санын 7000-ға дейін ұлғайтуы көптеген отбасыларға, әсіресе аз қамтылған жанұяларға көптен күткен бағдарламаны алуға мүмкіндік берді. Осы уақытқа дейін 6300-ден астам бағдарлама, оның ішінде біздің клиникада 600 бағдарлама орындалды. Жыл соңына дейін бағдарлама сәтті аяқталады деген сенімдеміз», – деді ҚР ҰҒА академигі, Persoana клиникасының директоры В.Н.Локшин.

Елімізде алғашқы ЭКҰ зертханасы ашылған сәттен бастап 25 жыл ішінде әйелдер мен ерлер бедеулігін емдеудің жаңа репродуктивтік технологиялары игерілді. Эмбриондар мен ооциттерді криоконсервациялау, донорлық жыныстық жасушалары бар бағдарламалар, суррогатия сәтті қолданылады. Мұнда ерлер бедеулігінің ауыр түрлерін емдеудің жалғыз тиімді әдісі ретінде кенінен қолданылады.

Қазақстанда 85 000-ға жуық ерлі-зайыпты КРТ әдістерімен емделді. Соңғы жылдары емдеу тиімділігі орта есеппен 15%-дан 42%-ға дейін өсті. Бала туу фактісі бойынша емдеу тиімділігінің көрсеткіші (take baby home) 30% деңгейінде, бұл ең жақсы еуропалық клиникалардың көрсеткішіне сәйкес келеді.

ЖОБА

«Оқуға құштар мектеп»

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында еліміздегі мектеп кітапханаларына 2,5 миллионға жуық көркем әдебиет сатып алынды. Әсіресе, кітаптардың басым бөлігі Шығыс Қазақстан, Жамбыл және Павлодар облыстарында сатып алынды. Осылайша мектептердің кітапхана қоры мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен толықты.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары мен ондағы орындардың да саны көбейді. Дәл қазір мектептерде балалардың кітап оқуы үшін барлық қолайлы жағдайлар жасалып жатыр. Тек осы мақсатта республика бойынша 121 коворкинг-орталығы ашылып, балалардың оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін 3,7 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтіп, оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру бойынша кешенді жұмысты жалғастыруды басты назарына алған.

– Біз қойылған міндетті орындап жатырмыз, қазірдің өзінде оң нәтиже бар деп айтуға болады. Жоба іске асырылғаннан бастап мектеп кітапханаларында көркем әдебиет саны айтарлықтай өсті, оның ішінде мемлекеттік тілдегі әдебиеттер. Егер бұған дейін қазақ тіліндегі әдебиеттер аз болса, қазір кітап қорының басым бөлігін мемлекеттік тілдегі әдебиеттер толықтырды. Сонымен қатар, тек қазақстандық авторлардың ғана емес, әлемдік әдебиет туындылары да бар. «Оқуға құштар мектеп» – өте маңызды жоба, сондықтан бұл жұмысты жалғастыру қажет», – дейді Асхат Аймағамбетов.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында Алматы қаласының мектеп кітапханалары да жаңа әдебиеттермен толығып жатыр.

ІС-ШАРА



«Балабақша – арайлым»

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мемлекеттік-серіктестік арқылы бой көтеріп, қалаға тарту етілген мекеменің бірі – Медеу ауданындағы №115 бобекжай-балабақшасы. Аталмыш балабақша ұжымы өзінің 5 жылдығына арнап «Балабақша – арайлым» атты мерекелік іс-шара өткізді.

Мерекелік кеште балабақша меңгерушісі Мархаба Төленбекова бүлдіршіндердің болашағы үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау мен қамқорлықты әңгімелеп, нақты мысалдар келтірді. Балаларға осындай жайлы ғимаратты сыйға тартқан қалалық әкімшілікке ризашылығын білдірді. 5 жыл ішінде балабақшаның қол жеткізген табыстарын ортаға салды. Айтса айтқандай,

балабақша ұжымы осы уақыт аралығында талай байқауларға қатысып, бірнеше мәрте бас жүлде иеленген.

Мерекені балақайлар «Би – шашу» атты биімен бастады. «Бәйтерек» тобының бүлдіршіндері «Тәрбиешіміз» әнін нақышына келтіре орындап берді. «Бәйтерек» тобы «Мен апамды жақсы көремін», «Самұрық» тобы «Сүйемін ата-әжемді», «Күншуақ» тобы «Ақ әжем» атты әндерді орындады. Келесі кезекте «Ақ көгершін» тобының тәрбиеленушілері мереке құрметіне «Балабақша» әнін тарту етіп, «Самұрық» тобының ұлдары «Заманауи биді» биледі. Өнерпаз қыздар – Асылым, Ания, Адия «Туған өлкем» әнін тарту етті. Мерекеді балабақшаның тәрбиешілері де өз өнерін ортаға салды. Мәдина «Балбырауын» күйін, Ұлдана «Қызымын елімнің» әнін орындап, кештің көркін кіргізді.



АБАЙТАНУ



«Бірлігі жарасқан ел» байқауы мәресіне жетті



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматыда ұлы ақын Абай өлеңдерін үздік оқыған өзге ұлт өкілдері марапатталды.

Республикалық Абай өлеңдерін мемлекеттік тілде оқу челленджінің марапаттау рәсімі өтті. Байқау 1 мамыр күні жарияланып, бүгінге дейін бейне-челленджде еліміздің түкпір-түкпірінен түрлі этнос өкілдері #Бірлігі жарасқан ел хештегі арқылы онлайн қатысқан. Бағы мен берекесі асқан, ынтымағы жарасқан елдің бірлігін нығайту мақсатында ұйымдастырылған байқауда мыңнан астам жас бақ сынасып, үшеуі ғана актық мәреге жолдама алған.

«Қазақстан бойынша 1000-ға жуық адам қатысты. Өзге ұлт өкілдеріне мәнерлеп оқу – аса қиын емес. Тіл білмесе де, Абай өлеңдерін жаттап алып қатыса алады. Біз осы байқау арқылы өзге ұлт өкілдеріне мотивация беріп, қызығушылығын оята аламыз», – дейді «Адырна» этнографиялық бірлестігінің президенті Арман Әубәкір.

Аталмыш байқау 2 бағыт бойынша ұйымдастырылған. Бірінші бағыт – кемеңгер Абай оқулары болса, екінші бағыт ұлттық аспапта ойнап, ән шырқау.

«Ұлты мен ұлысы ұйысқан Тәуелсіз ел ұрпақтарына Ұлы Абайдың өлеңдерін насихаттаудың нағыз патриоттарды тәрбиелеуде үлесі зор», – дейді шара ұйымдастырушылары.

ДЕБЮТ



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Дебютант-режиссерлер BUNKER арт-баспанасы сахнасында өздерінің алғашқы жұмыстарын ұсынды. 4 күн ішінде көрермен спектакльдердің 4 эскизін және режиссура курсының түлектері жасаған бір қысқаметражды фильмді тамашалады. Әртүрлі жастағы және көзқарастағы адамдар театр туралы өз көзқарастарын ұсынды, өнер тілінде өзекті тақырыптарда сөйлей білді.

Шығармашылық емтиханды бірінші болып Надежда Пляскина тапсырды. Ол бірнеше жыл қатарынан журналист болып жұмыс істегеннен кейін бағытын өзгертіп, жаңа нәрсені көруге шешім қабылдайды. Нәзік жандылар үшін ең бастысы, әдемі кескін. Сондықтан үйдегі таразы ең тартымды әрі қорқынышты объект болуы мүмкін. Бірақ бақыт шынымен адамның дене салмағымен өлшене ме? Бұл тақырыпты режиссер өзінің пьесасында және



«ÖNERPAZ BOLSAŃ...»

Үлкен жүрек иесі



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі быыл тұңғыш рет ерекше қажеттілігі бар адамдармен жұмыс істейтін мәдениет саласы мен үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар шығармашылық адамдары мен мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің арасында «Önerpaz bolsaŃ...» атты онлайн-фестиваль ұйымдастырған болатын.

Қазақстанның 15 өңірінен қазылар алқасының қарауына 126 өтінім келіп түскен. Үміткерлер 17 номинация бойынша бақ сынасты. Солардың арасында Алматы қаласынан «Алатау» дәстүрлі өнер театрына қарасты зағип және естуі кемшін жандардың мәдени демалысын ұйымдастыру бөлімінің белді маманы Ардақ Мұсанова да жеңімпаз деп танылып, «Дарынды қаламгер» номинациясын жеңіп алды. Байқау онлайн өткенімен, марапаттау рәсімі Нұр-Сұлтан төрінде, Бейбітшілік және келісім сарайында жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Ардақ та салтанатты іс-шараға қатысып, жүлдесін қуана алып қайтты.

Ол 12 жасынан нашар ести бастаған. 19 жасында толық естімей қалыпты. Мектепте оқып жүргенде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен түрлі байқауларға қатысып, жүлделер

атанып, аудандық газетке мақалалар жазып жүріп, ҚазҰУ-дың журналистика факультетіне түседі. Бірақ мүмкіндігінің шектеулігіне байланысты бірінші семестрден кейін шығып қалады. Бірақ оған мойыған Ардақ жоқ, Алматы оқу-өндірістік кәсіпорнына жұмысқа тұрады. Еден де жуды, ыдыс жуушы да болып нан тапты. Қара жұмыстың ешқайсынан қашқан жоқ. Тігінші де болды. Есесіне, орта көрді, талай адаммен танысты, жанын байытты. Тұрмыс құрды. Қызды болды. Жиен сүйіп отыр бүгінде.

Иә, ол естімейді, бірақ өлең жазады. Көңіл күйін ақ қағаз бетіне түсіреді. Ол өмірді шексіз сүйеді. Өлеңдеріне махаббатты, табиғатты, жақсы адамдарды арқау етеді. Бір жинаққа өлеңдері басылып шыққан. 2004 жылы Мәскеуде саңырау ақындардың «Филантроп» байқауына қатысып, сертификат иеленіп қайтқаны да бар.

Сондай-ақ, ол құлағының мүкісі бар және зағип жандардың тыныс-тіршілігі туралы, олардың жетістігі жайында мақалалар, естеліктер жазып жүреді. Өз іштерінде түрлі кештер ұйымдастырудан да шаршамайды. Мүмкіндігі шектеулі қарттарды, балаларды қуанту, оларға мереке сыйлау үшін мекемелердің есігін қағып, табалдырығын тоздырып, көмек сұраудан да тартынбайды. Сөйтіп, оларды Қуыршақ театрына, Орталық циркке, саябақтардағы кештерге өзі бас болып апарып жүргені. Сосын үлкен-кішіге айналадағы жақсы жаңалықтың бәрін саусақ қимылдарымен және ымдау әдісімен жеткізіп жүреді.

Ең алғаш пандемия басталғанда біраз жұрт дағдарысқа ұшырап, қиналып қалған шақта, Ардақ өзінің азғантай жалақысына қарамастан, өз қаражатына азық-түлік сатып алып, нағыз мұқтаж жандарға таратқанын айтсақ та артық болмас.

– Мұндай фестивальге бірінші рет қатысып отырмын. Алған әсерім керемет! Осы орайда маған қолдау көрсеткен «Алатау» дәстүрлі өнер театрының ұжымына, жанашыр әріптестерім – зағип және естуі кемшін жандардың мәдени демалысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ғазизхан Әділхановқа, бөлім жетекшісі Жанар Бектұрғановаға, Айжан Исмаиловаға алғысым шексіз. Осындай байқаулар мүмкіндігі шектеулі жандар үшін өздерін танытуға, шабытын қамшылауға, ең бастысы өздерін қоғамның бір бөлішегі екенін сезінуге өлшеусіз үлес қосады деп білемін, – дейді жеңімпаз замандасымыз.

ЦИРК

Мейірім импульсі

Алматыда «Импульс» ауқымды цирк шоуы өтеді. Әлемдік тұсаукесер шымылдығы біздің қалада 6-7 қараша күні ашылады.

«Импульс» – жаңа форматтағы цирк шоуы. Қазіргі заманғы ойын-сауық пен цирк өнері индустриясындағы заманауи қадам. Ауқымды қойылымда цирк нөмірлері, спорттық қойылымдар, заманауи би мен Тесла найзағайымен әсерлі визуалды эффектілер бірігіп, тың дүние жасалды.

Мың бұралған бишілер, акробатикалық трюктер, спорт аренасының көгінде самғаған әртістер мен екі миллион вольтты электр найзағайларының жарқылы кімді болса да таңқалдырып, баға жетпес жарқын естелік сыйлайтыны сөзсіз. Ұйымдастырушылар шоу аяқталғанға дейін көрермендердің бар назары аренада болатынын айтады.

Жобаға Adrenaline Worldwide 2018 трикингінен әлем чемпиондары, Сочи–2014 Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты мен Мәскеудегі FIFA World Cup ашылу салтанатына қатысушылар – sKILLaz трикинг-командасы қатысты. Ресейдің Рекордтар кітабының алты дүркін чемпионы, Men's health's журналының рекордтар кітабының жеңімпазы – Илья Капитан қатысады.

Сондай-ақ, әрекеттегі спортшылар, спорттық акробатикадан чемпионаттар жеңімпаздары мен спорт шеберлері, бірегей жанр әртістері мен бүкілресейлік және халықаралық цирк өнері фестивальдерінің лауреаттары бар.

Шоу сюжетінің негізіне кішкентай ғана әрекеттің адам ойламаған салдары жайлы



әңгімеленетін мысал желісі алынған. Мейірім мен жылылық импульсінің әлемді ғана емес, физика заңдылықтарын бұза алатын адам сенгісіз қабілетке ие тұлғаны қалыптастыруға әсері жайлы ерекше оқиға баяндалады. Жақсы атаулының бастауы – мейірім, махаббат.

Алғаш рет көрермен Тесла сияқты жалғыз платформаның – әлемге әйгілі Cirque du Soleil грантының иегері, қазіргі цирк өнеріндегі жаңа серпін нөмірлерінің қатысушысы бола алады. Қойылым Балуан Шолак атындағы спорт сарайында өтеді.





ҚАРТТАР АЙЛЫҒЫ



Өзінің бар саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, еліміздің өркендеуіне үлес қосқан танымал тұлғалардың бірі, қоғам қайраткері Тамара Шәкірова – бүгінде Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы. Біз қаламыздың белсенді тұрғыны Тамара Мұхтарханқызына жолығып, Қарттар айлығы барысында атқарылып жатқан жұмыстар төңірегінде әңгімелескен едік.

– Тамара Мұхтарханқызы, алдымен әңгіменізді аудандық Ардагерлер кеңесінің жұмысынан бастасаныз...

– Иә, «Туғанда адам шын бала, қартайғанда бір бала» деген емес пе? Аудандық Ардагерлер кеңесі дегеніңіз, есігі бір жабылмайтын мекеме ғой. Мұнда күніне бірнеше қонырау соғылып, өтініш-тілегін арқалаған талай тағдыр бас сұғып жатады. Барлығының айтар базынасы, бұйымтайы бар дегендей... Кейде ардагерлердің бірі «үйім көп жылдан бері жөндеу көрмеді, жөндеп беріңдер» десе, енді біраз қария денсаулығына шағымданып, дертіне дауа іздеп келеді. Қарттық дегеннің өзі де адамның бір кемел шағы ғой. Мұндай кезде бір кісілер баладай сенгіш болса, енді біреулері ақтарылып әңгімелескісі кеп тұрады. Ондайда көңілін қалдыруға тағы болмайды. Ауданымызда бүгінгі таңда Ұлы Отан соғысының 8 ардагері, 862 жыл ардагері мен 21879 зейнеткер тұрып жатыр. Олар бір кездері бүкіл жастық өмірін, күш-қайратын еліміздің өркендеуі үшін жұмсады. Араларында соғыстың зардабын әлі күнге дейін тартып келе жатқандары да бар. Міне, осындай жандарға қалай қолдау көрсетпеске? Осындай өткен өмірлері тарихқа айналған қарияларымыз енді қаламыздың қазынасына айналып отыр. Менің қуанатыным, олардың қай-қайсысы да қартайдық екен деп қол қусырып отырған жоқ. Қайта әлі күнге дейін жас ұрпақ тәрбиесіне өз үлесін қосып, қаламыздың ажырамас құндылығына айналды. Оған биылғы жылы ауданда өткен ардагерлердің конференциясы мысал бола алады. Оның жұмысына қалалық Ардагерлер кеңесінен Л.Б.Моисеева келіп қатысты. Сол жолы қалалық Х конференцияға 57 үміткердің арасынан 11 адам сайлады. Ауданның қарттары өздерінің белсенділіктерін танытты. Жалпы, Қарттар айлығы басталмас бұрын аудан көлемінде тұрып жатқан қарияларымыздың тізімін жасап, оларға қандай көмек қажет екенімен танысып шықтық. Осы тізімді жасап отырып, індет барысында талай қарияларымыздан көз жазып қалғанымызды байқадым. Қала өміріндегі іс-шаралардың ортасынан табылатын белсенді қарияларымыздың біразы кетіп қалыпты...

– Қарттар айлығы басталғалы көптеген іс-шаралар өткізіп жатырсыздар. Осы жұмыстарға да тоқтала кетсеңіз...

– Бүкіл бір ауданның қарияларының басын біріктіріп

1990 жылы БҰҰ Ассамблеясы 1 қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялағаны белгілі. Содан бері біздің елімізде қазан айы «Қарияларға қамқорлық, жақсылық пен мейірім» атты акцияға ұласқан еді. Бүгінде еліміздегі егде кісілер саны 2 миллионнан асса, Алматы қаласы тұрғындарының денін жастар, одан кейін егде жастағылар құрайды. Дәл қазір Алматыда қарияларға құрмет көрсетудің үлгісі – Қарттар айлығының соңғы аптасы өтіп жатыр.

ҚАРТТЫҚҚА ЖЕТУ – БІР БАҚЫТ

отырған мекеме болғандықтан, жауапкершіліктің жүгі көбіне бізге, Ардагерлер кеңесіне түсетінін айтпай кетпеуге тағы болмас. Қариялардың міндеті немере бағып, үй күзету емес қой. Сондықтан ең болмаса өздеріне құрмет көрсету айлығында қаланың мәдени орындарын аралап, демалып, бой жазса екен деймін. Күні бойы үйде отыратын қарияларымыздың арасында мәдени орын түгіл, қаланың орталығын көрмегендері де бар болып шықты. Сол үшін Қарттар айлығы басталғалы бері қарияларымызды киноға, Опера және балет театрына, Тұңғыш Президент саябағына, Түргендегі форель шаруашылығы мен Алма-арасанға апарып, арнайы саяхат ұйымдастырдық. Шыны керек, қарттарымыздың көңілі көтеріліп, бір серпіліп қалды. Әңгімелесіп, бірін-бірі баяғыдан танитын жандардай қауқылдасып жатыр.

Жалпы, Қарттар айлығы басталмай тұрып, «осы мекеме көмектесіп қалар, қолдау көрсетер» деген оймен бірнеше мекемеге хат жолдаған едік. Әрине, барлығы қуана қабылдап, қолдау көрсетті деп айтсам, артықтау болар. Дегенмен, бойында ұлттық қасиеті басым, қарияларға қамқорлық танытуға әзір тұратын біраз азаматтар көмек көрсетті.

Қарттар айлығы басталысымен қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижановтың қатысуымен мерекелік іс-шара өткіздік. Оған тек біздің ауданның емес, Алматының да құрметті қарияларын шақырдық. Қарттар аудандағы екі хор ұжымы мен өнерлі зейнеткерлеріміздің мерекелік бағдарламасын тамашалап, көңіл көтерді, дастарханнан дәм татты. Осылай басталған айлық жүйелі түрде жалғасын тапты. Сонымен қатар, осы бір ай ішінде аудандық Nur Otan-мен бірлесіп, онлайн, офлайн түрде қоғамдық қабылдаулар өткіздік. Қарттардың мұң-мұқтажын тыңдап, сосын оларға көмек көрсетуге кірістік. Жалпы, ауданда тұрып жатқан қарттардың арасында тағдыры әртүрлі кісілер бар. Олар қоғамнан қолдау күтеді. Мәселен, тұрмысы төмен отбасыларға қысқы отын мен көмір жеткізіліп, бірнеше отбасы азық-түлік себеттерімен қамтылды. Әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесі жалғызділікті қарияларымыздың үйін тазалап, әктеп-сырлап дегендей, ретке келтіріп берді.

Сосын жасы келген кісілердің ыңқыл-сыңқылы көбейетіні белгілі емес пе? Бұл ретте тек осы айлық барысында емес, жыл бойы біздің аудандағы денсаулық

мекемелері қарияларды қамқорлап, оларға арнайы «Ашық есік» күндерін өткізіп отыруды үрдіске айналдырып отыр. Бұл жолы да жауапты мамандар ерекше қамқорлықты қажет ететін қарияларға әлеуметтік көмек көрсетіп, олардың үйлеріне барып, дәрігерлік тексеруден өткізді. Мамандар әлі де қариялардың қажетті деген дәрі-дәрмектерін жеткізіп беріп жатыр. Сондықтан біздің ұсынысымызды қабыл алып, қолдау көрсетіп жатқан медициналық мекеме мамандарына ризашылығымызды білдіреміз.

Тағы да айта кетейін дегенім, қазақта «Өлі разы болмай, тірі байымас» деген сөз бар ғой. Біздің ауданға қарасты «Орталық», «Солтүстік» деп аталатын зираттарда талай қадірменді қарияларымыз жерленген. Сол қабірлердің маңайын адам танымастай шөп-шалам басып, қараусыз қалғандары да жетерлік екен. Айлық барысында арнайы мекеме қызметкерлерімен бірлесіп, сол маңайға тазалық жұмыстарын жүргізіп қайттық. Бұл да осы айлық барысында атқарған сауапты ісіміздің бірі болды.

– Ұрпақ тәрбиесіне тікелей жауапты сала өкілі ретінде білім мекемелеріндегі Қарттар айлығы туралы да айтып өтсеңіз...

– Иә, әрине, бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Кезінде біз де жас болдық. Өзім ұзақ жылдар бойы білім саласында еңбек еткен кезімде, үнемі қарттармен тығыз байланыста болған едім. Сол кезде қарияларымызды қонаққа шақырып, олардың өткен өмірін шәкірттеріме үлгі ретінде таныстырушы едім. Ондағы мақсатым – жас ұрпақ үлкенді сыйлауды үйренсін, уақыттың қадірін білсін деген ой ғой. Сол тәрбие-тәсіл текке кетпеген сыңайлы. Сол кездегі шәкірттеріміздің өзі бүгінде ата-ана болып, көрген сайын жандары қалмай жатады. Олардың кейбірі Ардагерлер кеңесіне қарт ата-аналарын жетектеп келеді. Үлкенді сыйлаудың мектебінен өтті деген осы. Қазір аудан мектептерінде Қарттар айлығына арналған іс-шаралар әлі де жалғасып жатыр. Мәселен, «Қарттарым – асыл жандар», «Ардақты атам, аяулы әжем», «Атам, әжем және мен», «Кәріге – құрмет, кішіге – міндет», «Қарттарын қадірлеген ел ардақты», «Қарттық – құрметті кезең», тағы басқа ауқымды іс-шаралар онлайн, офлайн форматта өтті. Мұның өзі ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі үлкен парасаттылық мектебі дер едім.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ӘДЕБИ БАЙЛАНЫС

«Қазығұрт оқиғалары» – түрік тілінде



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Анадолы төрінде Халықаралық «Алаш» және Махмұт Қашқари әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Нұрғали Ораздың түрік тіліне аударылған «Қазығұрт оқиғалары» кітабының тұсаукесері өтті.



Рая
ЕСКЕНДІР

Салтанатты шара Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің ұйымдастыруымен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен XVI халықаралық

Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероглу өзі басқаратын «Бенгу» баспасынан жарық көрген туындының тарихи-мәдени салмағын сипаттап, Қазығұрт тауларын көріп өскен қаламгердің суреткерлік қырын жоғары бағалады. Еуразия Жазушылар одағының басқарма мүшесі, кітап



Анкара кітап көрмесі аясында жүзеге асты. Жинақтың алғысөзін білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев жазып, ҚазҰУ түлегі әрі қызметкері Нұрғали Ораздың қазақ әдебиетіне қосқан үлесі мен қаламгерлік қуатына тоқталған.

Жаңа жинақтың Анкара төріндегі таныстырылымында Қазақстанның Түркиядағы Елшісі Абзал Сапарбекұлы топтаманың Тәуелсіздіктің 30 жылдығы, Түркия Республикасының 100 жылдығы қарсаңында оқырман қолына тигенін, жинаққа енген «Бакыт құсы», «Жалғыз арал», «Түрік аспанындағы қазақ жұлдызы», «Ақ тырналар ұясы», «Қазығұрт оқиғасы» туындыларының түрік ағайындардың көңілінен шығарына сенім білдірді.

аудармашыларының бірі Жәмилә Кынажы қазақ әдебиетінің белді өкілі Н.Ораздың жазушылық стилі мен жанрлық ерекшеліктері туралы баяндама жасап, әр шығарманың арқалаған жүгі мен көтерген міндетін жан-жақты таныстырып өтті. Жазушы Нұрғали Ораз өз кезегінде бұған дейін жекелеген әңгімелері түрік тіліне аударылғанымен, алғаш рет жеке кітап ретінде жарық көргенін жеткізіп, шараны ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Соңынан елші Абзал Сапарбекұлы жазушы Нұрғали Оразға, Еуразия Жазушылар одағының Төрағасы Якуп Өмероглуға, аудармашылар Мәлік Отарбаевқа, Жәмилә Кынажыға, Ашур Өздемирге алғыс білдіріп, алғыс плакеткаларын тапсырды.

ТҰСАУКЕСЕР

Үміт нышаны

А.П.Чехов атындағы қалалық орталық кітапханада жас жазушы Жәмилә Бақтиярқызының «Бәйшешек» атты кітабының тұсаукесері өтті.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жаңа туынды күнделік жанрында жазылған. 3 бөлімнен тұратын еңбекте автордың басынан кешкен оқиғалары мен өлеңдері жарияланған. «Тікелей өз тағдырымнан алынған жазбаларда ауыр дертпен он жыл бойғы күресім, сенімім, жеңісім сөз болған. Бұл – мен сияқты тағдырдың тауқыметін көрген жандарға үлгі болсын, үмітінің шырағын жақсын деген мақсатта туған дүние. «Бәйшешегімді» осы жолда жанымнан табылған барлық жандарға – ата-анам, дәрігерлеріме, ұстаздарыма, ағайын-бауырларыма арнаймын», – дейді жас автор.

Кітаптың тұсауын Жәмиләның журналистикадағы ұстаздары, мәдениет қайраткерлері кесті. «Бұл кітап – осы аз ғана жасында бар қиындықты асқан сабырмен басынан өткізген жастың жүрек лүпілінен келген имани хабар. «Бәйшешек» – тағдырмен жазылған кітап. Ал адам тағдыры – қазір біздің әрқайсымыз үшін басты мәселе. Ендеше, барша оқырмандар атынан айтарым, құдіретті Жаратушымыздың қолдауымен алдағы өміріңе гүл бітіп, халқыңның төріне көтеріле бер!» – дейді жазушы, «Өнер» баспасының директоры Әшірбек Көпіш.



ӨТТИҢ, ДҮНИЕ...



ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АБЫЗЫ

Еліміздегі білім, ғылым саласына, әдебиет пен мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан көрнекті ғалым, сыншы **Серік Қирабаев 95 жасқа қараған шағында өмірден өтті.**

С.Қирабаев 1927 жылы 23 наурызда Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы, Атасу ауылында дүниеге келген. Қаламгердің балалық, жастық шағы отызыншы жылдардан бастап, соғыс кезі, соғыстан кейінгі қиын кезеңдерге дөп келді. Ғалым өзінің сұхбаттарының бірінде балалық шағы жайлы әңгімелей келе, «Мен әкемнің аға-жеңгесінің бауырында өстім, әкем ештеңеден тарықтырмады. Бірақ бала кезімде қатты қуанып, ойнап-күліп жүрген кезім тым аз болыпты. Әкем марқұм да «бала боп ойын қуып, жүгірмей, ойға батып отыра беруші ең» деп айтып отыратын. Анасыз жетім баланың көңілінен бір мұң сейілмейді екен. Мектепке барғаннан кейінгі кәсібім кітап оқу болды» деп еске алатын.

Жастайынан оқу-білімге құштар боп өскен Серік Смайылұлы 1951 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітіргеннен кейін аспирантурада оқи жүріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, «Әдебиет және искусство» журналының бөлім меңгерушісі болып істеді. Өзінің еңбек жолында «Пионер» журналында редактор, «Социалистік Қазақстан» газетінде меңгеруші, редакциялық алқа мүшесі болды. Ғалым 1958 жылдан Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында 30 жыл бойы доцент, профессор, филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, институт ректорының оқу ісін басқаратын орынбасары қызметтерін атқарды. Қазақ КСР Ғылым академиясының Әуезов атындағы Әде-

биет және өнер институтының директоры, кейіннен бөлім меңгерушісі болып істеді.

Ғалымның қазақ әдебиетінің өзекті мәселеріне арналған сын мақалалары мен рецензиялары 1948 жылдан бастап жарық көре бастады. Содан бергі уақытта 1000-ға жуық әдеби сын, ғылыми мақалалары мен еңбектері жарық көрді. 1957 жылы әдебиеттанушы С.Көбеевтің жазушылық жолы жайында кандидаттық диссертация қорғады, 1964 жылы «С.Сейфуллин» монографиясы негізінде докторлық диссертация қорғады. 1994 жылы С.Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» атты кітабы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Ш.Уәлиханов атындағы сыйлығына ие болды. 1952 жылдан бері ол қазақ әдебиетінен орта мектепке арналған (IX-X сыныптар) оқулықтар жазумен шұғылданды. «Қазақ әдебиеті және мектеп», «Қазақ әдебиеті оқулығына методикалық нұсқау» секілді көптеген оқулықтардың авторы, КСРО Жазушылар одағы жанындағы Сын кеңесінің мүшесі. Филология ғылымының докторы, профессор, КСРО Педагогика ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, ҚР ҰҒА-ның академигі, Қазақстан және Қырғызстан республикалары ғылымының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы», «Отан» ордендерімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен марапатталған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

«Alatau Aqparat» ЖШС және «Almaty aqshamy» газетінің ұжымы Серік Қирабаевтың туған-туыстарына және барша қазақ халқына марқұмның қазасына байланысты көңіл айтады.

САУАЛНАМА



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Әлем бойынша дұрыс тамақтанбау салдарынан жылына 11 млн. адам көз жұмады екен. Ғалымдардың айтуынша, зиянды тамақтарды тұтыну дүние жүзіндегі әрбір бесінші адамды өлімге әкеледі. Себебі, күнделікті рационның жоғарылығы шылым шегуден де аса қауіпті болуы мүмкін.


«Ас – адамның арқауы» деген сөз бар. Алайда, біз ағзамызға арқау болатын ас ішіп жүрміз бе? Тұтынып жүрген тағамымыздың құрамына мән береміз бе? Осы тұрғыда қала тұрғындарының арасында сауалнама жүргізгенбіз.

тоқталатынын дәлелдеп беріп отырса да, АҚШ-қа бағынышты әлемдік ұйымдар бетбақтырар емес. Ал жазықсыз, қарапайым халық жапа шегіп жүр. Сондықтан өнімді тұтынар алдында құрамын міндетті түрде тексеріп алған жөн, – дейді маман.

Ал биотехнолог маман Арғын Байжанның айтуынша, тағам өндіруші компаниялар өнімдерінің сыртына «ГМО қосылмаған» деген жалған жазба қалдыруы мүмкін. Сондықтан оған сенбей, өнімнің құрамын өздігіңізден тексеріп көргеніңіз дұрыс.

– Өндірушілер ешқандай азық-түліктің сыртына «ГМО қосылған» деп жазбайды. Керісінше «ГМО-сыз» табиғи өнім деп тұрады. «ГМО-сыз» деп мөр басылған тауардың бағасы да қымбат болады-мыс. Алайда, ГМО-өнімді қа-

Тағамның ең алдымен несіне мән бересіз?



Сауалнамаға қатысқан алматылықтардың жартысынан көбі дүкеннен азық-түлік сатып аларда ең бірінші бағасына мән беретінін айтты. Олар екі бірдей өнімді салыстырып, бағасы арзандауын тандайтын көрінеді. Ал 22%-ы алдымен жарамдылық мерзіміне баса назар аударса, 14%-ы сыртқы көрінісінің тартымдылығын басты орынға қояды, 12%-ы ғана құрамын тексеріп алады екен. Ал нутрициолог Айсауле Еркебайқызы тағамның құрамын тексерген кезде ГМО-ның бар-жоғын анықтап алған жөн дейді. Айтуынша, ол көптеген аурулардың туындауына себепші болады екен.

– Қазақстандық әйелдердің 18%-ы құрсақ көтере алмай жүр. Мұндай мәселе әлем елдерінің көбісінің басында бар. Осыдан-ақ түсінуге болады, АҚШ ГМО-ны белгілі бір саяси сипатта өндіреді. Ғалымдар гені өзгерген өнімдерді жегеннен адам ағзасында өзгерістер болып, ұрпақ жалғастыру

лай ажыратуға болады? Бұны анықтаудың еш қиындығы жоқ. Барлық кондитерлік, әсіресе, кәмпіттер, печенье, ұн, шоколад түрлерінің құрамында трансгендер бар. ГМО-өнімді құрамындағы тағам қоспасының тізімінен анықтауға болады. Сондықтан тағамды сатып алмастан бұрын мұқият қарап шыққаныңыз абзал. ГМО өнім Е индексімен жасырынып тұрады. Олар былай белгіленеді: E101, E101A; E150 (карамель); E153 (карбонат); E160a (бета-каротин, ретинол); E160b (аннатто); E160d (ликопин); E234 (низин); E235 (натамицин); E270 (сүт қышқылы); E301-ден E304-ке дейін (аскорбат); E330 (лимон қышқылы); E415 (ксантин); E459 (бета-циклодекстрин); E460-тан E469-ның арасы (целлюлоза); E470-тен E570 (тұз және май қышқылдары); E951 (аспартам); E953 (изомальтит); E957 (тауматин) немесе E965 (малтин) және басқа да қоспалар, – дейді маман.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Сораба

Жас зергер әрі дизайнер Жанар Сағынбаева шаңырақ-сырға мен заманауи стильдегі сораба бас киімін жасайды. Шебер халық дәстүрлері әрқашан трендте болады деп санайды. Ол қазақтың ұлттық киімдерінің ұмыт болған элементтерін қайта жаңғыртып қана қоймай, оларды заманауи сәннің стильді бөлігіне айналдыра білді.

Мәселен, қазіргі жастар, көпшілік тақияны тек ер адамдар киеді деп ойлайды, қыздардың да тақия кигенін біле бермейді. Оны сахналық киім деп санайтындар да аз емес екен. Біле білсек, қыздар бұрыннан тақия киген. Оны



сораба деп атапты. Мұндай бас киім кию арқылы қыз өзінің оң босағада отырғандығын білдірген. Шебер өзі жасайтын тақияларды заманауи зергерлік бұйымдармен безендіреді. Дизайнердің сөзіне сүйенсек, мұндай бұйымдарды көбінесе тарихын білетін, өзіне сенімді арулар тандайды екен.

Сорабаның екі жанына тағылатын тасты салпыншақтар таптырмайтын элемент саналады. Ол тақия несінің жас екенінен бірден хабар береді. Өйткені, ондай тасты салпыншақты тақияларды тұрмыстағы келіншектер тақпаған.

Шебердің авторлық дизайны, отандық сәнгерлердің көңілінен шыққан, шаңырақ түріндегі бірегей сырғалар да арулардың бейнесін толықтыра түсері сөзсіз.

КӨРМЕ

Оларды ықылас біріктіреді

«Тұмар арт» бірлестігінің суретшілері өздерінің алғашқы топтық көрмесін туған қаласы мен еліне арнады.

Қауымдастық жұмыс тәжірибесі бар, түрлі жанрлар мен стильдерде жұмыс істейтін педагог-суретшілерден тұрады. Оларды жаңа дүние жасауға деген үлкен ықылас біріктіреді. Олар қауымдастықты бір жыл бұрын ғана ұйымдастырып, алдарына «жалпы көрме жасаймыз» деген мақсат қойған. Нәтижесінде алты жоба ұйымдастырды және олар мұнымен тоқтап қалмайды. Онымен «Қазақстан: кеше, бүгін, ертең» экспозициясымен ҚР Орталық мемлекеттік мұражайында танысуға болады. Көрмеде портреттер, пейзаждар, жанрлық көріністер ұсынылған.

– Суретшілер өз жанының бір бөлігін туындыларына, әсіресе кескіндеме, натюрморт, батик, аппликация жасау кезінде қосып, түрлі-түсті бояғышты пайдаланады.



Жұмыстар жоғары деңгейде орындалған. Барлық жұмыстар қызықты және орындауы қиын. Көрмеге әртүрлі авторлардан жүзден астам еңбек ұсынылған. Олардың әрқайсысының өзіндік стилі мен сүйікті әдістері бар. Алайда, бір қарағанда әртүрлі жұмыстарды біріктіретін бір нәрсе бар. Ол – еліміздің тарихы. Суреттердің ішінде өткеннің аңыздарын мұқият жеткізетіндер бар, кейбір шеберлер қазіргі күнді берсе, тағы басқалары болашаққа көз салуға тырысқан, – деді мұражай директоры Ғалия Теміртон.

Көрме 31 қазанға дейін жалғасады.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып-

жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Төрехан
ДАНИЯРОВ

2016 жыл халықаралық аренада Қазақстанның ЕАЭО-дағы төрағалық қызметімен басталды. ЕАЭО-дағы төрағалықтың басымдығы – үшінші елдермен және маңызды интеграциялық бірлестіктермен – ең алдымен, Еуропалық одақпен және Қытай Халық Республикасымен экономикалық қарым-қатынастардың тереңдеуімен өрнектелді. Наурыз айында Вашингтонда өткен ядролық қауіпсіздіктің төртінші саммитінде Қазақстанның қауіпсіз әлемді қолдаудағы көпжылдық қызметіне айрықша баға берілді. Еліміз «Ядролық қаруды таратпаудағы халықаралық көшбасшылығы үшін» арнайы марапатқа ие болды. Ал 30 маусымда БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги Мун Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес өкілі болып сайлануымен құттықтады.

1 қаңтардан бастап мемлекеттің, экономика мен қоғамның дамуына түбегейлі

жаңа құқықтық орта қалыптастыратын 59 заң күшіне енді.

Мәжіліс депутаттары 2016 жылы 13 қаңтарда кезектен тыс Парламент сайлауын өткізу туралы ұсыныс жасады. Расында да, Парламент сайлауын уақыт оздырмай, мәслихаттардың сайлауымен бірге өткізу – уақыт талабы еді. Сөйтіп, Мәжілістің кезектен тыс сайлауы 2016 жылғы 20 наурызға белгіленді.

1 наурыз – Алғыс айту күні алғаш рет елімізде 2016 жылы аталып өтті. Осы айдан бастап «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заң күшіне енді.

Электронды үкіметтің мүмкіндіктері кеңейді. Тек 2016 жылы ғана egov.kz порталы арқылы 40 миллионнан астам, ал «Азаматтарға арналған үкімет» офистерінде 36 миллионнан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Осы жылы «Ұлы Дала Елі» атты Қазақстан туралы мобильді қосымшаның тұсауы кесілді, ол үш тілдегі сандық энциклопедия түрінде өмірге келді.



31 наурызда Қазақстан Президенті Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV Саммитке қатысу үшін Америка Құрама Штаттарына барды. Осынау жаһандық форум аясында Елбасының «Әлем. XXI ғасыр» манифесі жарияланды. Саммитте Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі. Саммит аясында Қазақстан мен АҚШ мемлекеттерінің Президенттері Нұрсұлтан Назарбаев пен Барак Обама ядролық қауіпсіздік және ядролық қаруды таратпау саласындағы ынтымақтастық туралы Бірлескен Мәлімдемеге қол қойды. «АҚШ Қазақстан Республикасының ядролық қауіпсіздікті нығайту, сондай-ақ, Вашингтон, Сеул және Гаага саммиттерінің ядролық қауіпсіздікке қатысты шешімдерін 2016 жылы іске асыру жөніндегі күш-жігерін құптады», – делінген Мәлімдемеде.

Тәуелсіздік шежіресі

2016 ЖЫЛДЫҢ
БАСТЫ
ОҚИҒАЛАРЫ

- 1 Nur Otan партиясының кезектен тыс XVII съезі.
- 2 Қазақстан Парламентінің Мәжілісі және жергілікті мәслихаттар депутаттарының сайлауы
- 3 Елбасының «Әлем. XXI ғасыр» манифесі.
- 4 Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының XIII саммиті.
- 5 Қазақстанның Азия тобы мемлекеттерінің атынан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдарға тұрақты емес мүшесі болып сайлануы.
- 6 Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналыс.

29 қаңтар



Нұр-Сұлтандағы Тәуелсіздік сарайында Nur Otan партиясының кезектен тыс XVII съезі ашылды. Елімізді дамытудың негізгі мәселелеріне арналған съезд жұмысына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етті.

10 ақпан

Мемлекет басшысының «Қазақстан Республикасында Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» Жарлығы шықты.

1 наурыз

Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Елордада Алғыс айту күніне арналған ауқымды шара ұйымдастырылды. Қазақстандықтар бұдан былай жыл сайын бұл күнді Алғыс айту күні ретінде атап өтетін болады.

20 наурыз

Қазақстан Парламентінің Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар депутаттарының сайлаулары өтті. Мәжіліс депутаттарының сайлауы нәтижесінде Nur Otan партиясы 82 пайыздан астам дауыс жинап, айқын басымдықпен жеңіске жетті.

30 наурыз

Бельгия Корольдігінің астанасы – Брюссельде (Еуропалық одақ мемлекеттерінің бейресми орталығы) Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен екі кездесу өтті. Қазақ басшысы Еуропалық кеңес төрағасы Дональд Тускпен және Еуропалық комиссия төрағасы Жан-Клод Юнкермен маңыздылығы жөнінен ауқымды, өзекті мәселелерді талқылап, өзара тиімді уағдаластықтарға қол жеткізді.

2 сәуір

Мемлекет басшысының Куба мемлекетіне сапарында бірқатар меморандумға қол қойылды. Гавана қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Куба Мемлекеттік кеңесінің және Министрлер кеңесінің төрағасы Рауль Кастро маңызды мәселелер бойынша келісімге келді.

11 сәуір

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ресми сапармен Иран Ислам Республикасына барды. Иран Ислам Республикасының Президенті Хасан Руханидің шақыруы бойынша ұйымдастырылған сапар барысында өзара ынтымақтастыққа жол ашатын 60-тан астам екіжақты құжатқа қол қойылды.

16 маусым

Ресейде халықаралық XX Петербург экономикалық форумы өз жұмысын бастады. Оның жұмысына Қазақстан

Президенті Нұрсұлтан Назарбаев та қатысып, сөз сөйледі. Ертеңіне Елбасы форум аясында БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунмен кездесті, бірқатар мемлекеттер басшыларымен ынтымақтастық бағыттарын талқылады.

23-24 маусым

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ташкент қаласында өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Саммит аясында Елбасы Ауғанстан Президенті Мохаммад Ашраф Ғанимен және Пәкістан Президенті Мамнун Хусейнмен кездесті.



31 мамырда Елордада өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында бас қосқан Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, Ресей Президенті Владимир Путин, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Армения Президенті Серж Саргсян және Қырғызстан Президенті Алмазбек Атамбаев мемлекеттераралық ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін талқыға салды.

30 ЖЫЛДЫҢ 30 СӘТІ

СТАТИСТИКА

2016 жылы барлығы 36 Заң қабылданып, 43 Жарлыққа қол қойылды.



Нұрсұлтан Назарбаев Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-ға қосылуы оның халықаралық аренадағы беделінің жоғары екенін көрсететіндігін атап өтті.

24 тамыз



Елбасы ресми сапармен Сербия Республикасына барды. Президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Томислав Николич бірқатар мемлекетаралық мәселелер бойынша келісімге келді. Қазақ басшысы Белград қаласында Жамбыл Жабаевтың ескерткішінің ашылу рәсіміне қатысты.

19 қазан



Нұр-Сұлтан қаласында Рақымжан Қошқарбаев ескерткішінің ресми ашылуы өтті. 1945 жылы Қызыл армия құрамындағы қазақ солдатты ресейлік Григорий Булатовпен бірге бірінші болып Рейхстагтың төбесіне Жеңіс туын тіккені белгілі.

25 қазан

Сауд Арабиясы Корольдігіне ресми сапармен барған Нұрсұлтан Назарбаев Сауд Арабиясының Королі Салман бен Абдел Әзиз әл Саудпен кездесіп, келіссөз жүргізді.

7 қараша

Елбасы Жапонияға ресми сапармен барып, Император Акихитомен, Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэмен кездесті. Мемлекеттер басшылары саяси өзара іс-қимыл, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық қарым-қатынастың маңызды мәселелерін талқылады.

9-10 қараша

Қазақстан Республикасының Президенті Корея Республикасына мемлекеттік сапармен барды.

Нұрсұлтан Назарбаев пен Корея Республикасының Президенті Пак Кын Хе өзара келіссөз жүргізіп, сауда-экономика, қаржы-инвестиция, көлік-коммуникация, ғылым, техника салаларындағы екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелері аясында уағдаластықтарға қол жеткізді.

6 желтоқсан



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Елордада дәстүрлі Жалпыұлттық телекөпір өтіп, еліміз бойынша жиырма үш жобаның тұсауы кесілді.

15 желтоқсан

Нұр-Сұлтан қаласының Тәуелсіздік сарайында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған салтанатты жиналыс өтті. «Тәуелсіздіктің 25 жылы – біздің буынның уақыт өлшеміне сыймайтын теңдессіз ерлігі. Осы мерейтойлық жылда Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне сайлануының символдық мәні бар. Парламент қабылдаған Тәуелсіздіктің 25 жылдығы Декларациясы біздің ұлы жетістіктеріміз бен жеңісімізді айшықтаған маңызды саяси-құқықтық құжатқа айналды», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ЖЫЛ ТҮЙІНІ:

Сонымен, ел Тәуелсіздігінің жиырма бесінші жылы тағы қандай жетістіктермен есте қалды? Қазақстан 2016 жылы өз газымен өзін қамтамасыз етуге толықтай көшті. Бұл тек экспорт көлемін ғана ұлғайтып қойған жоқ, сонымен бірге жүздеген мың қазақстандықтың тұрғын үйлерін газбен қамтамасыз етуге қол жеткізді. Ауыл шаруашылығы өнімдері мен Қазақстаннан экспортқа шығарылатын өнімдер 5%-ға өсті. Астық өнімдері рекордтық көрсеткішке жетті. 2016-2017 жылдары Алматы–Шу екінші теміржол желісі салынды. Қазақстанның темір жол желілерінің құрылымы оңтайландырылып, елдің инфрақұрылымдық әлеуеті артты. Қазақстанның ішкі көлік логистикасы жақсарды. Желтоқсанда Құрық айлағындағы алғашқы паром кешені іске қосылып, оған тартылған теміржол құрылысы аяқталды. Металлургия, мұнай өңдеу, машина жасау, құрылыс индустриясында ірі сала түзуші өндіріс құрылды. Өңдеу саласына тартылған шетелдік инвестиция мөлшері артты. Бір жылдың ішінде 130 индустриалды жобалар қатарға қосылды, 10 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Олардың ең бастылары: Қарағанды облысындағы Көктасжал мыс, алтын, күміс концентратын өндіру комбинаты; Алматы облысындағы шойынды қайта құю кешені; Маңғыстау облысындағы бұрандалы қосылыстар зауыты; Батыс Қазақстандағы экокласты бензин өндірісі; Оңтүстік Қазақстан облысындағы құю зауыты. Осы жылы шет ел инвестицияларын тартуда еліміз



Біздің дәйектеме:

Бас Ассамблеяда өткен дауыс беру кезінде Қазақстан 138 мемлекеттің қолдауына ие болды. Ол бұл сайлауда 55 дауыс жинаған Таиланд мемлекетінен басым түсті. Айта кетейік, Азия-Тынық мұхиты аймағы мемлекеттері атынан 1-орынға Қазақстан және Таиланд елдері таласқан болатын. «Дауыс берушілердің үштен екісінің қолдауына ие болып, Қазақстан Қауіпсіздік Кеңесіне 2 жылға тұрақты емес мүше болып сайланды, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне 15 мемлекет мүшелік етеді. Ұлыбритания, Қытай Халық Республикасы, Франция, Ресей Федерациясы және Америка Құрама Штаттары – Кенестің тұрақты мүшелері. Одан бөлек, 10 тұрақты емес мүше мемлекетті Бас Ассамблея екі жылға сайлайды. Әр жыл сайын оның бесеуі жаңарып отырады.

Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелігіне сайлануына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үндеуінен:

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесінде тағы бір маңызды тарихи оқиға болды. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшелері құрамына енді. Бұл Кеңес – Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс жасайтын орган. Еліміздің оған сайлануы – Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз... БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне сайлану – бүкіл Қазақстан халқының лайықты табысы. Бұл – ұлт толысқандығының көрсеткіші. Бұл Қазақстанның әлемдегі аса дамыған мемлекеттер қатарына ену, қауіпсіз және өсіп-өркендеген болашақ құру жолындағы тағы бір тарихи қадамы болмақ. Мен барлық қазақстандықтарды еліміз Тәуелсіздігінің 25 жылдығы белесіндегі осы маңызды оқиғамен құттықтағым келеді. Бұл – еліміз үшін қуануға болатын лайықты оқиға».

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтауынан:

«...Мешін жылы еліміз үшін ерекше мерейлі меже болды. Биыл бүкіл халық болып, қастерлі Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өттік. Жас мемлекеттің ширек ғасырлық шежіресі ел тарихында алтын әріппен жазылды. Бұл – біздің маңдайымызға бұйырған мерейлі мәртебе, еншімізге тиген ерен бақыт... Биылғы мерейтойлық жыл біз үшін бірқатар маңызды шараларға толы болды. Елдің саяси өміріндегі елеулі науқан – Парламент сайлауын өткіздік. Ұлы мақсат көздеген Ұлт жоспарының алғашқы жылын табысты аяқтадық. Алдағы 2017 жылдың еншісінде де айтулы оқиғалар мен ауқымды істер мол болмақ. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде қызметін бастайтын болады. Бұл – кез келген мемлекет қол жеткізе бермейтін асқақ абырой, мәртебелі міндет. Келер жылы астана меймандары «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде бас қосатын болады. Сонымен қатар, Алматыда дүниежүзілік Қысқы универсиадааның алауы жағылады. Еңселі елордамызда Ислам ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Ел қуатты болмай, бақ тұрақты болмайды. Халықтың әл-ауқатын арттырып, экономикамызды дамытуға арналған шаралар жалғасын табады...».

ең жоғары көрсеткішке қол жеткізді – 14 миллиард доллардан астам инвестиция келді. Негізгі инвестициялар тау-кен өндіру және өңдеу кәсіпорындарына, геологиялық барлау жұмыстарына бағытталды. Негізгі бағыт – экономикалық өсімнің жаңа драйверін қалыптастыруға және жалғастыруға индустриаландыруға байланысты белгіленді.

Қазақстанның барлық аймағында «Жұмыспен қамту» қолдаудың кешенді жоспары бекітіліп, онда 300 мыңнан астам адам қамтылды. 2,2 миллион жұмыс орнын сақтау бойынша меморандумдар жасалды.

(Деректер мен фотосуреттер ашық интернет көздерінен алынды).

ДҮЙСЕНБІ
1 ҚАРАША

Almaty™ АЛМАТЫ

- 6.00 Әсем әуен
6.30 Дала сазы
7.00 Әсем әуен
8.00 Таңғы студия
10.00 Sau bolashaq
10.15 Мультфильм
12.00 Телесериал.
Телесериал. Садовое
кольцо 9, 10 серия
14.00 Әмір иірімі
14.50 Qyzyq chat
15.00 Күндізгі жаңалықтар
15.15 Дневные новости
15.30 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Өткінші
жаңбыр 4, 5 серия
16.30 Үздік әзілдер
17.30 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 10 серия
18.30 Бақытты отбасы
19.00 Қорытынды
жаңалықтар
19.30 Итоговые новости
20.00 Басты назарда
(тікелей эфир)
20.40 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая. Өткінші
жаңбыр 5, 6 серия
21.55 Телехикая.
Тракторшының
махаббаты 11 серия
22.40 Әсем әуен
23.00 Қорытынды
жаңалықтар/Итоговые
новости
0.00 ТҰСАУКЕСЕР!
Телехикая.
Ғажайыпсың 16 серия
1.10 Басты назарда
(қайталау)
1.40 Әсем әуен
2.30 Телехикая. Әр жерде
сен 36 серия
3.15 Сәуле-ғұмыр
4.00 Дала сазы
4.30 Әсем әуен
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

- 6.00 Әнұран
6.05 «Ауылдастар»
6.25 «Тәуелсіздік
тәуекелдері»
7.00 «TANSHOLPAN».
Таңғы ақпаратты-
сазды бағдарлама.
Тікелей эфир
10.00 AQPAPAT
10.10 «Тағдыр жалыны».
Телехикая.
12.00 «Ақжауын».
Телехикая.
13.00 AQPAPAT
13.10 «Qyzyq eken...».
14.00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР».
Тікелей эфир
15.00 AQPAPAT
15.15 «Arta». Сараптамалық
бағдарлама.
16.05 «Қазақ елі -1».
Телехикая. (Қазақстан, 2016 ж.)
17.00 AQPAPAT
17.15 «QYZYQ EKEN...»
18.00 «ТАҒДЫР ЖАЛЫНЫ».
Телехикая.
20.00 AQPAPAT
20.35 «ASHYQ ALAŃ».
Қоғамдық-саяси
ток-шоу.
Тікелей эфир.
21.30 «АҚЖАУЫН».
Телехикая.
22.30 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая.
23.30 «Қазақ елі-1».
Телехикая. (Қазақстан, 2016 ж.)
0.25 «САНА». Ток-шоу.
1.30 AQPAPAT
2.05 «Ashyq alaŃ».
Қоғамдық-саяси ток-
шоу.
2.55 «Теледәрігер»
3.45 Әнұран

ХАБАР

- 5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Телесериал.
«Позывной «Стая»
7.00 Тікелей эфирде
«Таңғы хабар»
10.00 «Елбасы. Тәуелсіздік
жылнамасы» деректі
фильмі
10.45 Әсем әуен
12.00 Телехикая. «Бәсеке»
13.00 Тұсаукесер! Телехикая.
«Шайқалған шаңырақ»
14.00 Телехикая.
«Пәленшеевтер»
15.00 «Бүгін». Тікелей эфир
16.00 Телесериал.
«Позывной «Стая»
18.00 Мегахит.
20.00 Қорытынды
жаңалықтар
20.30 Тұсаукесер! «Бизнеске
бағыт». Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.30 Тұсаукесер! Телехикая.
«Шайқалған шаңырақ»
22.30 Премьера!
«Национальный
интерес с Ерланом
Бекхожиным»
23.45 Телехикая. «Келінжан»
0.45 «Discovery. Сквозь
червоточину с
Морганом Фрименом»
1.00 ҚР Әнұраны



31-КАНАЛ

- 05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия (қазақша)
06.40 Неге? (қайталау)
08.00 «Жанкешті ханымдар»
телехикаясы (қазақша)
10.00 «Маша и Медведь»
мультхикаясы
11.30 Тұсаукесер!
«Ханшайым» үнді
телехикаясы
(қайталау)
13.00 «Құзғын» түрік
телехикаясы (қазақша)
14.00 «Чужой» телехикаясы
16.20 Экстрасенсы-
детективы
17.30 КИНО. Джерард
Батлер «Хантер
Киллер» боевигінде
(қайталау)
20.00 Информбюро
(орысша/қазақша)
21.00 Тұсаукесер!
«Ханшайым» үнді
телехикаясы.
22.30 31 Әзіл
23.00 КИНО. Жан-Клод Ван
Дамм «Некуда бежать»
боевигінде
01.00 Кел, татуласайық!
(қазақша)
03.00 Во весь голос
04.00 What's up? (қазақша)
05.00 Ризамын (қазақша)



ЕВРАЗИЯ

- 6.00 «ЖАЛҒЫЗ ЖАУҚАЗЫН»
телехикаясы
7.00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ,
ҚАЗАҚСТАН!»
9.00 «ДОБРОЕ УТРО,
КАЗАХСТАН!»
11.00 «РУССКИЕ ГОРКИ».
Семейная сага
12.00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13.00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14.15 «112». Тікелей эфир
14.30 «QOSLIKE»
бағдарламасы.
Тікелей эфир
18.30 «БАСТЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР»
19.00 «KÖREMİZ»
бағдарламасының
тұсаукесері
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.40 Александр Носик,
Арсений Робак,



- Ирина Савицкова,
Елена Лотова в
многосерийном
фильме «ГОРЯЧАЯ
ТОЧКА»
1.20 Ночной кинотеатр.
«ОДНОЛЮБЫ»
2.30 «ФУРЦЕВА. ЛЕГЕНДА
О ЕКАТЕРИНЕ».
Многосерийный
фильм
3.35 «112» бағдарламасы
3.50 «БАСТЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР»
До 04.30



7-КАНАЛ

- 06.00 Т/п «Қуырдақ»
07.00 «ОЯН, QAZAQSTAN»
таңғы бағдарламасы
09.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
10.00 Т/п «Кім келесі?»
11.00 Т/п «Орёл и решка»
12.00 Х/ф «HALO 4: Идущий к
рассвету»
14.00 Т/х «Гудия»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
